



МАЗАСЫЗ МҮЙІС

ҚАРАУСЫЗ ҮЙ, ҚАҢЫРАҒАН БАСПАНА

Сарыарқа төсінде елі көшіп, жұрты қалған елді мекен мен қала-қалашықтар баршылық. Солардың бірі – Ақтау кенті. Теміртаудың іргесіндегі кент 1950 жылдары бой көтерген. Шағын қалашық келмеске кеткен кеңес үкіметі кезінде құрылыс материалдарын дайындау үшін салыныпты. 1972 жылы кент мәртебесі беріліп, елсіз далаға түскен көпқабатты үйлер Қарағандының қан тамырындай бүлкілдеп тұрған. Ол кезде мұнда бірнеше зауыт, фабрика жұмыс істеп, Ақтаудың аты дүрілдеді. Ал қазір ше?

Қараусыз қалған кенттің қазіргі сикы адам көргісіз. Тіпті, кері кеткен кенттің сикы кісі түгілі, ит байласа тұрғысыз, иесіз жұртқа ұқсайды. Бұрын 15 мың тұрғыны бар шағын шаһар бірнеше жылдың ішінде қаңырап қалған. Адам тұрмаған соң, ұры-қары есік-терезесін шығарып, қажетке жарайтынының бәрін қолды қылыпты. Кейбір көпқабатты үйден жұрт тұтастай көшіп кетсе, кейбір баспанада екі-үш отбасы ғана өлместің күнін кешіп отыр.

Бақыт Көшербаева – жұртта қалған тұрғындарының бірі. Айлығы шайлығынан аспайтын әйел мұнда қызы екеуі тұрады.

Теміртауға, болмаса Қарағандыға көшіп кетейін десе, қолын жоқ байлайды. Ал Арқаның алты ай қысына қаңыраған үй қамзау болмайды екен. КТК телеарнасына берген сұхбатында Б.Көшербаева «Ипотекаға үй алайын десем, оған жағдайым келмейді. Алдын ала беретін төлеміне несие алсам, ипотеканы төлей алмаймын. Жергілікті әкімдік басқа бір үй бар, соған кір дейді. Оның иесі қайтыс болыпты. Туыстары «Үй біздікі, сен оған қалай кіресің?» – деп берген жоқ.

(Жалғасы 3-бетте)



ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Астананы бір апта басқарған Бақыт Сұлтанов үкіметке бас қаланы дамытудың кешенді жоспарын таныстырды. Жиын соңында қаумалаған тілшілерге сұхбат берген Елорданың су жаңа әкімі қаладағы келеңсіздіктерді өз көзімен көру үшін жұмысқа жаяу келетінін жасырмады.



Бақыт СҰЛТАНОВ, Астана қаласының әкімі:

ӘБИГЕРГЕ ТҮСІРМЕЙТІН ЖОЛ ТАБАМЫЗ

– Бақыт мырза, Астананың жаңа әкімі ретінде қала тіршілігімен танысып үлгердіңіз бе?

Б.Сұлтанов: Мен «Халыққа жақын бол» деген қағиданы берік ұстанамын. Бұрын жұмысқа жаяу баратын едім. Қазір үйім жақын болса да, біраз айналып баруға тура келеді. Бұл жаңа жұмысыма көмек. Көшені аралап келгенде біраз кемшілікті байқап, әкімдікке келген соң қызметкерлерге тиісті тапсырма беруге болады.

– Шаһарды бұрынғы әкім Әсет Исекешев басқарған кезінде әлеуметтік желіде отырып, тұрғындардың пікіріне жауап беретін. Тіпті, жаңа қызметке кеткенде де пост жазып, елордалықтарды қимай қолдады. Ал сізден ондай белсенділік байқай алмадық. Негізге?

Б.Сұлтанов: Әрине, фейсбук, басқа да әлеуметтік желіде аккаунттарым бар. Жиі қарап тұрамын. Жұмыс көп болған соң тікелей жауап бере алмайтын шығармын. Алдағы уақытта кері байланыс деген принциптерді қолданатын боламын. Қаланың бұрынғы әкімі Әсет Исекешев Астана әкімдігіндегі шенеуніктерді түгел таксиге отырғызған еді. Мен бұл бастамаға дұрыс қараймын. Кез келген креативті идеяны қолдауға дайынмын.

– Соңғы жылдары қала басшылығының бас қатырар мәселесінің бірі – жауын-шашын. Қара аспан нөсерлетсе болды көше көлкіп, жаяу адам түгілі көліктердің қатынауы қиындайды. Бақыт мырза, Сіз бұл түйткілді қалай шешесіз?

Б.Сұлтанов: Жұртты мұндай әбігерге түсірмейтін жол табамын. Ол үшін жаңбыр суын жинау алаңы 10 гектарға ұлғайтылады. Жыл соңына дейін көріз құбырлары жөнделіп, келешекте жанасы салынбақ. Бір аптаның ішінде жылыту маусымына дайындықты бастап, қыстың қамын тексеріп шықтым. Бұдан бөлек, қаланың сән-сәулетіне, әсіресе, Елорданың шет жағындағы нысандарға көңіл бөлемін. Ал қаланы дамыту жөніндегі жоспарға сай, 121 шақырым жол, 2 жол айрығы, 3 көпір, 1 жерасты жолын және 1 айналма жолды салу көзделіп отыр. Мұның бәрі 2019-2023 жылдарға арналған кешенді жоспарға енгізілген.

Бейсен НАРЫНБЕК,
Астана

ТУҒАН ЖЕР

БАҒЗЫ БАЯНАУЫЛ



Жерұйық іздеген Асан қайғы Баянауылға келіп, желмаясының басын тартып, былай депті: «Баянауылға бір күн түнеймін деген адам бір жұма жатып қалады екен. Бауырында тұзы бар. Ат ерін салса, аузын алмайтын жер екен». Асан бабаның көзі де, көңілі де тоймай қайтқан жер жұмағы, бұл!

(Толығырақ 3-бетте)

ӘДЕБИ ӘҢГІМЕ

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ КӨКЖИЕГІ



«Бала өлеңдерінің өз категориясы бар. Балабақша бүлдіршіндері мен мектеп оқушыларының деңгейі екі түрлі. Сондықтан олар оқитын өлеңдер де әртүрлі болып келеді. Қуаттың артықшылығы оның шығармашылығында бесік жырынан бастап санамақтар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, өтірік өлеңдер секілді балалар әдебиетінің барлық жанры бар. Яғни тақырып ауқымы кең. Балалар оқыса болды екен деп ойдан өтірік өлең құрай салмайды, балдырғанның психологиясы, жас ерекшелігі, қабылдау ерекшелігіне мән береді».

(Толығырақ 12-бетте)



БИРЖАМЕТР

МҮНАЙ (brent)
79,50

DOLLAR
361,94

EURO
323,25

РУБЛЬ
5,40

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



Қры өзге емес,
өзі екен

(Жалғасы 2-бетте)



168 SAĖAT

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

АСТЫҚ – 2108

Үкіметтің кезекті жиынында сөз болған маңызды мәселенің бірі егін ору науқаны. Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, қазіргі таңда егістік алқабының 59 пайызы орылып болған. Тиісті ведомство қазан айының бірінші онкүндігінде даладағы жұмыс аяқталады деп болжап отыр.

Үкімет басшысының орынбасары — ауыл шаруашылығы министрі Өмірзақ Шөкеевтің сөзінше, колда бар комбайндардың күшімен күніне 800 мың гектардан орылып жатқан көрінеді. Ө.Шөкеев «18 қыркүйекке дейін 8,9 млн гектардан астам алқаптан немесе жиналуға жататын

экспорттық әлеуетін 9 млн тоннаға дейін, майлы тұқымдардың экспортын 1 млн тоннаға дейін жеткізуге, құрамажем және май шығаратын кәсіпорындарды шикізатпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Биыл көктемгі егіс және егін жинау жұмысын қаржыландыруға

тауарларды транзиттік елдер арқылы тасымалдаудың тарифі жоғары. Мұндай тарифтерді төмендету жөнінде жұмыс жүргізілуде. Сондай-ақ жана балама транзиттік бағыттар пысықталуда», — деді. Өз кезегінде, үкімет басшысы айтылған жоспардың уақытылы орындалуын талап етті. Бақытжан Сағынтаев «Өздеріңіз көріп



БИЫЛҒЫ МЕЖЕ – 20 МЛН ТОННА

алқаптың 59 пайызы жиналды. 11,2 млн тонна астық бастырылды. Түсім әр гектарына 12,5 центнерден айналып отыр. Әлі 6,1 млн гектар алқаптан дәнді дақыл жиналуы керек. Осыған байланысты облыс әкімдіктері өнімділігі жоғары техниканы пайдаланып, мәселені шешу арқылы егін жинау қарқынын арттыруы қажет», — деді. Министрдің болжауынша, биылғы орақ науқанында 20 млн тонна дәнді дақыл жиналуы тиіс. 15 млн гектар жерге тұқым себілген. Оның 11,1 млн гектары бидай. Ал 2,8 млн гектар алқаптан майлы дақыл жиналады деп күтілуде. Бұл былтырғы жылдың көрсеткішімен салыстырғанда, 400 мың гектарға артық. Министрдің айтуынша, дәл қазіргі көрсеткіш астықтың

«ҚазАгро» холдингі бюджеттік кредит қаражатынан 60 млрд теңге бөлінген. Бұл ақшаға 1985 агроөнеркәсіптік кешен субъектісі қаржыландырылыпты. Жиында талқыланған тағы бір мәселе өнімді тасымалдау жайы. Өмірзақ Шөкеевтің айтуынша, ағымдағы жылы астық тасымалдауда вагон тапшылығы болмайды. Отандық өнімді экспортқа шығару бойынша дайындық жұмысы жүргізілуде. Өмірзақ Шөкеев «Былтыр астық тасымалдайтын вагондардың тапшылығын байқаған болатынбыз. Биыл соған басқа мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, алдын ала жұмыс жасаудамыз және логистика мәселелерін шешу бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. Мысалы, қазақстандық

отырғандай, жауын-шашын кедергі болып, егін жинау уақыты кешеуілеуде. Былтырғы жылмен салыстырғанда, көрсеткіштеріміз 20-25 пайызға төмен. Дегенмен, қазіргі күнгі ауа райының қолайлылығын пайдалана отырып, астық жинау науқанын уақытында бітіруді қолға алуды тапсырамын» — деп, бірқатар лауазымды тұлғаларға міндет жүктеді. Оның ішінде энергетика министрлігіне әкімдердің дизель отынын қосымша бөлу жөніндегі ұсынысын қарауды, ауыл шаруашылығы министріне күн сайынғы мониторинг және жұмысты үйлестіру жайын бақылауда ұстауды тапсырды.

Бейсен НАРЫНБЕК,
Астана

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

17

млн теңге. Жылпос әйел алаяқтық жолмен жұрттың қалтасын қақты

3

Ақтөбеде қыздарын мектепке орамалмен жіберген ата-аналар жауапқа тартылды

1700

домбырашы Оралда Құрманғазының күйін орындады

3000

Елімізде жыл сайын осынша оқушы қыз тұрмысқа шығады

Сөз-Меже

Абай
ТАСБОЛАТОВ,
депутат:

«Біз жастарға қашан көңіл бөлеміз?! Жексенбі күні «Балапан» арнасынан басқа қазақша ештеңе таппайсың. Ақша жетпейді, кадр жоқ дейсіздер. Мына «Маша мен аю» мультфильмін өз тілімізге аударуға болмай ма? Балалар көретін басқа да шетелдік ертегілер бар. Балабақшада, мектепте қазақ тілінде оқиды да, үйге келген соң, әлгі мультфильмдерді орысша көреді. Осыған дұрыс көңіл бөлу керек, екі-үш жылдан кейін кеш болады»



— Шымкенттегі нан бағасы қымбаттағаны туралы хабар тарады. Нанның бағасы алдағы уақытта тұрақтала ма?



Сауалы

Алпаның

Жауабы

Әсет ӘБДІРАХАНОВ,
Шымкент қаласы кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық басқармасының басшысы:

— Нан өндірушілер қауымдастығы өкілдерімен жүргізілген келіссөзден кейін бағаны бір жүйеге келтіру жөнінде уағдаластыққа қол жеткізді. Қазір Шымкентте бір бөлше нанның бағасы 60 теңге. Әкімдік осынау әлеуметтік өнімге күн сайын мониторинг жүргізеді. Яғни нанның бағасы одан әрі қымбаттауына жол берілмейді.



Қызықстан
қызықтары

ҰРЫ
ӨЗГЕ
ЕМЕС,
ӨЗІ ЕКЕН



Сөйтіп «Ломбардка ұры түсті» деп полицейлерге шағымданады. Сауысканнан сак сақшыларға күдік тудырмау үшін өзін-өзі кан-жоса қылып пышақтап тастапты. Тергеу кезінде қымбат жауһарларды тонаған ешқандай қарақшы емес, сатушының өзі болып шығады. Осылайша, ұрлықты белгісіз біреуге жауып қойып, өзі алтын-ғауһар мен кассадағы бір кап ақшаны қалтасына басқысы келіпті. Ал Қызылорда облыстық ІІД-нің өкілдері күдіктінің кінәсі дәлелденсе, 5-10 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін екенін хабарлап отыр.

кино сияқты. Кино болғанда да сериал дерсіз. Әйгерім Молдатаева бұрын тұрмыста болыпты, бір қызы бар екен. Ал оның сеніміне кірген «Дон Жуан» одан екі жас кіші көрінеді. Жастар махаббат дастанын бастарынан кешеді. Жігіт қыздың сеніміне әбден кірген. Өйткені, Әйгерімнің туыстарының айтуынша, марқұм жігітіне бірнеше рет қарыз алып беріпті. Әйгерімнің анасы Жәнісқұл Молдатаева «Бір жерден 200 мың теңге алыпты. Тағы бір жерден 300 мың теңгенің тауарын рәсімдеп, бірақ қарызды ақшалай алған. Ен соңғысы «Каспий банкінен» 1 миллион теңге рәсімдепті. Сонша көп кредитті банктер қалай бере берген? Түсінбеймін. Оның арасында құрбыларынан да қарыз сұрапты», — деп отыр. Әйгерімнің қазасына әлгі жігіт әкесімен бірге көңіл айтуға

Әлеумет.t⁰



Адам мінезі өзгерді ме, әлде қулыққа құрық бойламайтын заман келді ме? Неге екені белгісіз, соңғы жылдары қыз-келіншектерді алдап-арбап, сұлулардың ақшасына қол салатын еркектер пайда бола бастады. Тіпті кейбір келбетті жігіттер бай қыздардың, қалталы әйелдердің басын айналдырып, үйіне кіріп алатын, асыранды баласындай масыл болатын оқиғалар қылаң беріп жүр. Өз көзімізбен көрген оқиғадан бастайық. Осыдан екі ай бұрын Алматыдағы әйелік мейрамханалардың біріне бас сұққанбыз. Қасымда Атырауда мұнайшы болып жүрген досым бар. Көптен көріспеген соң, тамактанып отырып әңгімелесейік дегенбіз... Қайтар кезде бір қызық оқиғаға куә болдық. Екі қыз есік алдында ботадай боздап отыр. Жұрт қаумалап алған.

«ЧАЙКА» ЖІГІТТЕР

Мән-жайды сұрап-білген едік, әлгі екі қыз қаладағы бастауыш сыныптардың бірінде мұғалім болып жұмыс істейді екен. Оларды осы кафеде төрт жігіт алдап, тақырға отырғызып кетіпті. Қалай дейсіз бе? Кино сияқты. Жастар әлеуметтік желі арқылы танысқан. Жігіттер қыздарды кафеге шақырады. Бұлар барын киініп, боянып-сыланып кездесуге шығады. Кафеге келген соң, жігіттер қымбат арақ-шарап, қауапқа тапсырыс беріпті. Жастар бір-бірімен танысып, күліп-ойнаған...

Мейрамхана жабылатын кезде, мұғалімдер әлгі жігіттерді таппай қалады. Телефондарын өшіріп тастапты. Кетейін десе, ешкім тегін тамақ бермейді. Төлейін десе, жігіттерге сеніп ақшасыз шыққан. Еніреп отырғандары сол, бірақ көз жас көмектеспейді. Содан не керек, досым бөріктілердің намысын қорғап, әлгі қыздардың есебін жауып берді.

Бұрын дәл осы сценариймен қыздар жігіттердің аузын аңқайтып кететін. Ондайларды «Чайкалар», «Чайка қыздар» деуші еді. Қазір керісінше «Чайка жігіттер» пайда болған сияқты. Олар қыздың ақшасымен кафеде барудан, тіпті соның ақшасымен өмір сүруден арланбайды.

Бұл оқиғаны неге қозғап отырмыз?

Жамбыл облысында 25 жастағы бір қыз жігітінің кесірінен өзіне өзі қол жұмсаған. КТК телеарнасы көрсеткендей, жігітіне 5 миллион теңге қарыз алып берген қыз мал қораға барып асылып қалыпты. Бұл да

келіп, қарыз алдырғанын да сол кезде мойындаған. Бірақ біраз уақыт өткен соң жігіт сөзінен айнып алыпты. Әкелі-балалы екеудің айтуынша, банктен алдырған 2 млн 500 мың теңгені толық өтеп берген. Қалғанына қатысы жоқ көрінеді. Ал қыздың ата-анасы жігіттің үстінен арыз жазып, 5 млн теңгені төлеп беруін талап етіп отыр. Бірақ қылмыс құрамының жоқтығына, дәлел-дәйектің болмауына байланысты іс жабылып қалған.

Айтпақшы, психологияда әйелдерді алдап, нәзік жандылардың ақшасымен өмір сүретін масылдарды «альфонс» дейді екен. Бұл терминнің мағынасын мамандар былай түсіндіреді: альфонс — психологиялық тұрғыдан жетілмей қалудан пайда болатын мінез. Ондайлар көбіне жалғызбасты аналар өсірген балалардың арасында көп ұшырасады. Ер адамның тәрбиесін көрмегендіктен, еркек болудың міндетін білмейтін баланың санасында «әйел — асыраушы» саналады. Сол себепті олар биологиялық есею жасына 30, тіпті 40-қа келсе де әйелдің тамағын, табысын, үйін, мүлкі мен қаржысын пайдаланудан еш арланбайтын көрінеді.

Жамбылдағы жағдайды «альфонс» деуге бола ма, әлде «чайка» деген жөн бе, ол жағына бірдеме айту қиын. Бір анығы — қыздың ақшасына малдану ер жігітке тән мінез емес.

Жарас
КЕМЕЛЖАН



Ел халқының саны 18,29 млн адамға жетті



4



www.jasqazaq.kz

E-mail:

jas_qazaq@mail.ru

Әлемдік энергетикада «көгілдір отынның» маңызы айрықша. Көз келген мемлекеттің де экономикасында стратегиялық мәнге ие. Табиғи газ анағұрлым экологиялық таза отын, оның үстіне химия өнеркәсібінде құнды шикізат саналады. Сол үшін де ол бизнес пен саясаткерлер үшін тартымды. Тұрғындарға да қажет. Әлемдік экономикадағы газға деген зор сұраныс осымен байланысты. Ал оны пайдалану – қайсыбір елдердің даму деңгейінің көрсеткіші.

Көптеген дамыған елдердің өз энергетикасында көмірден газға дейінгі өрлеу жолын жүріп өткені бекер емес. Бұл негізінен Еуропа, АҚШ, Жапония, Оңтүстік Корея басынан кешірген құбылыс. Көмірмен салыстырғанда, газ қоры жер бетінде шашыранқы орналасқан. Сондықтан оны өндіру мен тұтынушыға жеткізу аса ірі инфрақұрылымды қажет етеді. Тартымдылығына қоса, газды қолжетімді ету де күрделі міндет. Бұл арада бірнеше жәйтті қаперге алу керек. Біріншісі – газ өндіру инфрақұрылымымен, екіншісі – оны негізгі нарықтарға жеткізумен, үшіншісі жергілікті газ желісі арқылы тұтынушыларды қамтамасыз етумен байланысты. КСРО кезінде еліміздің аумағынан «көгілдір отын» Орта Азиядан

газбен қамтуға күш салды. Екінші жағынан, елдің өнүстігі арқылы Қытайға газ экспортын жүзеге асырады. Осы міндеттерді орындау мақсатында, 2015 жылы Бейнеу-Бозой-Шымкент газ желісі салынды. Ол Батыс Қазақстанды елдің өнүстігіндегі газ желісіне жалғады. Сөйтіп Алматы мен бүкіл Түркістан облысының өңірі отандық газбен қамтамасыз етілді. КСРО кезінде бұл жақтарға «көгілдір отын» Орта Азиядан жеткізілетін. Сондықтан экономикасы дамыған оңтүстік аймақты газбен жабдықтау мәселесінің шешілуі стратегиялық басымдық болып табылады.

Бұдан басқа, осы газ желісінің арқасында Қытайға газ экспорттау мүмкіндігі туындады. Биылғы жылдың тамыз айында Қытайға отандық газ экспортының көлемі 5 млрд текше метрге жетеді деп хабарланды. Қытайға газ экспорттау бұл елдегі тұтынушының көбеюін есепке алғанда, болашағы бар жоба. Өйткені көршіміз өз энергетикасында көмір тұтынуды азайтуды жоспарлап отыр. 2020 жылға қарай Бейжің энергетикадағы көмірдің үлесін 64 пайыздан 58 пайызға азайтуды көздейді. Сондықтан Қытай ірі газ экспортеріне

«КӨГІЛДІР ОТЫННЫҢ» КӨКЖИЕГІ

Ресейге Бұқара – Орталық газ желісі арқылы тасымалданды. Сол кезде түрікмен газының өндірісі жылына 90 млрд текше метрге, өзбек газының өндірісі 60 млрд текше метрге жеткенін есепке алсақ, кенес одағының энергетикалық тепе-теңдігі үшін оның маңызы зор еді.

КСРО ыдырағаннан кейін өткізу нарығына қолжетімділік мәселесі алдыңғы қатарға шықты. Басты газ нарығы Еуропада болды. Онда ресейлік «Газпром»

Еуропа мен Солтүстік Африка өндірушілерімен бәсекеге түсті. Сондықтан Бұқара – Орталық газ желісінің маңызы төмендеді. Бұл Қазақстан арқылы осы бағытта газ тасымалдау көлемінің азаюына әкеп соқтырды. Алайда дәл осы кезде Түрікменстаннан Өзбекстан мен Қазақстан аумағынан өтіп, Қытайға баратын газ желісі салынды. Бұл газ желісімен түрікмен және өзбек газы тасымалданады.

Әлбетте, Орта Азиядан Қытай мен Ресейге газ транзитін қамтамасыз ету отандық газ саласын дамытуға айтарлықтай ықпал ететіні сөзсіз. 2017 жылдың қорытындысы бойынша, «ҚазТрансГаз» желісі арқылы газ тасымалдау 65,8 млрд текше метрге жетті, яғни 2016 жылмен салыстырғанда 75 млрд текше метрге артық.

Қазақстанның өз аумағында газ саласын дамытудың стратегиялық маңызы ерекше. Тәуелсіздік жылдары бұл бағытта зор жетістіктерге қол жетті. Әсіресе, соңғы жылдары елдің газ әлеуетін жүзеге асыруға бағытталған бірқатар бағдарламаны жүзеге асыру барысында қыруар шаруа атқарылды.

Бізге негізінен мұнай өндірген кезде ілеспе газ алынады. Еліміздің газ саласындағы басты ерекшелігі де осы. Мәселен, Ресейде, Түрікменстан мен Өзбекстанда көгілдір отын кен орындарында өндіріледі. Ал бізде ілеспе газ Теніз бен Қарашығанақта өндіріледі. Өндірілген газдың басым бөлігі жер қабатына қайта айдалады. Ал өзге бөлігі өнделеді.

Газ өндірісі негізінен батыс аймақтарда шоғырланған. Өткізу нарығы – оңтүстік, оңтүстік–шығыс аудандарда. Осыған байланысты, мемлекет оңтүстік өңірдің тұрғындарын

айналатыны анық. British Petroleum мәліметінше, 2020 жылға қарай Қытай Орталық Азиядан 65 млрд текше метр газ сатып алатын дәрежеге жетеді. Оның ішінде Қазақстан газының үлесі қомақты болатыны айқын. Energyprom.kz дерегінше, Қазақстаннан газ экспорты үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда, көлемі жағынан 51,8 пайызға, бағасы жағынан 80,6 пайызға артты. Бірінші тоқсанда 7,2 млрд текше метр *(495 млн доллар)* «көгілдір отын» экспортталды. Негізінен ол батысқа жөнелтілді. Бейнеу-Бозой-Шымкент газ желісі екі бірдей стратегиялық міндетті жүзеге асыруға септігін тигізеді. Бірі – Қытайға экспорттау, екіншісі – ішкі тұтынуды көбейту. Ішкі тұтынуды қамтамасыз ету – отандық газ саласындағы аса маңызды міндет. Бұл орайда жана газ желісін салу оған жакын жерде орналасқан көптеген елді мекендерді «көгілдір отынмен» қамтуға мүмкіндік береді. Сонда өткізу нарығын қалыптастырумен қатар, ішкі аудандардағы экономиканы өрге бастыруға, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік туады. Осылайша тағы бір стратегиялық маңызды міндетті шешуге болады. Ол – еліміздің кең-байтақ жерінде өмір сүру жағдайын жақсарту арқылы мемлекеттік қауіпсіздікті нығайту.

Осы тұрғыдан алғанда, еліміздің бас қаласы – Астана мен орталық аймақтардағы аудандарды газдандыру саладағы ең маңызды стратегиялық кезең екені анық. Қазіргі кезде «ҚазТрансГаз» Президент Нұрсұлтан Назарбаев белгілеп берген оңтүстіктен солтүстікке – «Сарыарқа» газ желісі бойында

орналасқан елді мекендер мен Елорданы газдандыру міндетін орындауға кірісті. Биылғы жылдың наурыз айында энергетика министрі Қанат Бозымбаев газ желісінің бірінші кезеңіне 267,3 млрд теңге жұмсалатынын айтты.

Газдандыру жұмысының біртіндеп, ішкі ресурсқа сүйеніп жүзеге асып жатқаны маңызды. Сондықтан еліміздің орталық және солтүстік бөліктерін қамтамасыз ету үшін салынған газ желісі елдің батысынан оңтүстік аудандар арқылы экспорттық газ желісіне қосылу арқылы өтеді. Бұл ішкі аудандардағы тұтынушыларды газбен қамтамасыз етумен қоса, жабдықтаушыны таңдауға мүмкіндік береді.

Еліміз газ саласында тасымалмен қатар, өз өндірісін дамытуға ұмтылады. Биылғы жылдың бірінші жарты жылында 28,6 текше метр табиғи газ өндірілді. Бұл былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 8,3 пайызға артық. Оның үстіне, соңғы он жылдан бері өндіріс өсімі тұрақты. Әсіресе, соңғы екі жылдағы өзгеріс айтарлықтай. 2015 жылы 43,2 млрд текше метр газ өндірілсе, биылғы меже – 57 млрд текше метр.

Өндіріс көлемінің артуы, сондай-ақ батыстан шығысқа, оңтүстіктен солтүстікке қарай жана газ желісінің салынуы есебінен газ саласы Қазақстан экономикасындағы ең бір қарқынды дамып келе жатқан салаға айналды. Мұндағы инвестицияның басым бөлігі ең алдымен газ желісі мен елді мекендерді газдандыруға жұмсалады.

Сонымен бірге, газ саласы, ең алдымен «ҚазТрансГаз» мемлекеттік компаниясы ішкі газ тұтынуды дотациялап отыр. Өйткені ішкі нарықта көгілдір отын өзіндік құнынан төмен бағамен сатылады. Жыл сайын ішкі нарықты жабдықтаудағы шығын 57 млрд теңгеге жетеді. «ҚазТрансГаз» компаниясының мағлұматынша, отандық тұтынушыларға кеткен дотация соңғы үш жылда 168 млрд теңге болды. Бұл шығын газ



экспортынан түсетін табыспен жабылатынын айту керек.

Әлемдік нарықтағы бағамен есептейтін өзге елдердегі бағамен салыстырғанда, Қазақстанда газ бағасы тым төмен. Биылғы мамыр айында Мәжілісте «Газ және газбен қамту туралы» заң жобасы талқыға түсті. Сол кезде сұйытылған газ саласындағы «көленкелі экспорт» жайы сөз болды. Заңсыз экспорттың белен алуының сыры да осы газ бағасының арзан болуында. Ал соңғы жылдары сұйытылған газға сұраныстың артқаны байқалады. Бұл ішкі нарықта газ тапшылығының орын алуына әкеп соқтыруы мүмкін.

Сондықтан Мәжіліс сұйытылған газдың көтерме бағасын кезеңмен реттеу туралы заң жобасын мақұлдады. Газбен жабдықтау электронды сауда алаңдарында жүзеге асырылады. Энергетика министрлігі газдың шекті бағасын өзі белгілейді. Негізі Еуразия экономикалық одағы шеңберінде ішкі баға экспорт бағасымен тепе-тең *(салық пен тасымал шығынын қоспағанда)* болуы керек. Мұның да мемлекет пен «ҚазТрансГаз» алдында күрделі міндеттер қоятынны сөзсіз.

Экономика мен тұрғындардың тіршілігінде газ тұтынуды ұлғайтуда еліміздің әлеуеті зор. Бұл да мемлекетімізді дамыту стратегиясының маңызды бөлі бөлігі. Осындай зор мүмкіндіктерді пайдалану саясаты да жоғары деңгейде жүргізілгені дыруы. Бұл орайда «ҚазТрансГаз» сияқты мемлекеттік компанияны басқару сапасы жоғарыда айтылған стратегиялық маңызы бар міндеттерді шешуге ықпал етеді.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Бүгінде ауыл шаруашылығы саласының алдында үлкен міндеттер тұр. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәртіпті өнеркәсіптік революция жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында ауыл шаруашылығы өндірістік кешенінде өңбек өнімділігін және өңделген өнім экспортын 5 жыл ішінде 2,5 есеге ұлғайту мәселесі айтылған. Елбасы тапсырмасын орындауға Алматы облысының өңбеккерлері әлеуәлі үлес қосып келеді. Өткен жылы 648 млрд теңгенің ауыл шаруашылығы өнімі өндірілсе, биылғы 7 айда 224 млрд теңгенің өнімі өндірілді. Былтыр салаға 64,3 млрд теңге инвестиция тартылса, осы жылдың 7 айындағы көрсеткіш 29,9 млрд теңгені құрады.

ОТАНДЫҚ ӨНІМГЕ СҰРАНЫС КӨП

Жетісу жерінде негізінен қант қызылшасы өсіріледі. 80 мың гектарды жүгері алқабы алып жатыр. 1200 гектар жерде алма бағы жайқалып тұр. Жыл өткен сайын тамшылатып суару және ылғал сақтау технологиясы да дамып жатыр. Сондай-ақ ірі қара санын өсіруге, құс шаруашылығын дамытуға, соның ішінде мал басын асылдандыруға айрықша ден қойылуда. Мемлекеттік «Сыбаға», «Құлан», «Алтын асық» бағдарламалары аясында мал басы соңғы үш жылда 86 мыңға көбейген. Облыста 13,8 мың басты қамтитын 68 тауарлы-сүт фермасы, 64 мың ірі қара малға арналған 92 мал бордақылау алаңы жұмыс істейді. Ағымдағы жылы тағы 5 мыңға арналған 16 бордақылау алаңын іске қосу жоспарлануда. Агроөнеркәсіп кешенінде трансұлттық компаниялардың қатысуымен жергілікті шикізаттан тамақ өнімдерін шығаратын «Маревен Фуд Тянь-Шань» зауыты іске қосылды. Олар өнімін «Қазақстанда жасалған» брендімен экспортқа шығармақ.

Өңдеу өнеркәсібі де өркендеп келеді. Осы өңдеу кәсіпорындарын орналастыру картасы шеңберінде 2021 жылға дейін 39 кәсіпорынды ашу және жаңғырту, ет пен сүт өнімдерін, консервіленген көкөніс пен жеміс, крахмал өнімдерін ұлғайту есебінен экспорт көлемін 90 млн долларға жеткізу көзделуде. Бұл бағытта заманауи электронды жүйеге негізделген «Байсерке-Агро» ЖШС-нің тауарлы-сүт фермасы, «Көрімов» ЖК, «Адал» АҚ, «Амиран» ЖШС, «Табыс» ШҚ көш бастап тұр.

Елбасымыз айтқандай, тек отандық жаналықты таратып қана қоймай, шетелдік озық технологияларды алып келіп, енгізу, жерсіндіру міндеттері тұр. Біз осы мақсатта агрокешен жұмыстарын жандандырудамыз керек. Еліміздегі іргелі агроөнеркәсіптік кешендердің озық тәжірибесін басқаларға үлгі ретінде, алдағы жұмыс ауқымына түрткі болу керек. Айталық, «Байсерке Агро» ЖШС-нің тауарлы-сүт фермасының қызметі толық роботтандырылған, «Адал» АҚ-да мал табынын бақылау, төлдету, басқа да үрдістер компьютерлік бағдарламамен басқарылады. Ал «Амиран» ЖШС-де егіс алқабын дистанционды зондтау, типтік жылыжайларда көкөністі топырақсыз өсіру жүйесі енгізілген. Сол қатарда «Байсерке-Агро» өнеркәсіп кешенін атауға болады.

«Байсерке-Агро» аймақтағы ғана емес, еліміздегі ең үздік ауыл шаруашылығы кешені саналады. Бүгінгі таңда мұнда егін, мал, балық шаруашылығы мен ет-сүт өңдеу жұмыстары ғылыммен ұштастырылып, нақты жолға қойылған. Сонымен қатар, ғылыми-өндірістік оқыту орталығы жұмыс істейді. «Байсерке-Агро» – толық циклді көпсалалы холдинг. Кешен 2013 жылдан бастап Қазақ ұлттық аграрлық университетімен бірлесе ғылыми жұмыстар атқарады. Холдинг елімізде алғашқы ғылыми кластердің негізін қалаған. Мұнда егін,



жем-шөпті техникалық талдаудан өткізетін зертхана және агрохимия зертханасы жұмыс істейді. Жыл сайын оқыту базасында 400-ге жуық студент өндірістің тәжірибеден өтеді. Өзге өңірлерден келетін кәсіпкерлер мен мамандар үшін ғылым мен тәжірибені ұштастыруда түрлі семинар-кешестер ұйымдастырылады. Қазір серіктестік оқу орындарымен, соның ішінде Мәсімхан Бейсебаев атындағы Талғар агробизнесс және менеджмент колледжімен тығыз байланыста жұмыс істейді.

Келесі жылдан бастап электронды аграрлық қолхат пен онлайн сақтандыру жүйесі енгізіледі. Егін шаруашылығы «дәлдік» технологияны» дамытумен байланыстырылған, ал оны электронды егіс картасы, космо және метео мониторингсіз жүргізу мүмкін емес. Қазір облыста электронды егіс картасын базаландыру жұмысы жүргізілуде. Бүгінде барлық егістіктің 61 пайызы қамтылды. Электронды егіс картасы барлық операцияның есебі мен бақылауын онлайн жүргізу, дақылдың өсуіне кері ықпал ететін зиянкестерге шалдығу, жер құнарының төмендеуі, тұздану сияқты кері факторлар сараптамасын уақытында алу арқылы өндірісті тиімді жүргізуге қажет технология.

Елбасы Жолдауында көтерілген өзекті мәселенің бірі – жаңа технологияларды трансферттеу және оларды отандық жағдайға бейімдеумен айналысу. Осыған байланысты қартоп сортын жаңарту үшін

шетел селекциясынан өнімділігі жоғары «Санте» элиталық тұқымы сатып алынууда. Кластерлік жүйедегі голландиялық «Farm Frites» компаниясы мен отандық «КөктемАгроСервис» ЖШС келешекте Іле ауданынан жылына 70 мың тонна дайын қартоп өнімін шығаратын зауыт салу жұмысын жүргізуде.

Суармалы жерді барынша тиімді игеру үшін биыл 13 ирригациялық нысанға күрделі, 15-не ағымдағы жөндеу жүргізілмек. Бұдан бөлек, 27 нысанның жобалық-сметалық құжатын әзірлеуге облыстық бюджеттен 1,3 млрд теңге көлемінде қаражат бөлінді. Суару жүйелерін қайта жаңғыртуға Көксу, Алакөл, Ақсу, Ескелді, Панфилов, Ұйғыр аудандары бойынша жобалау-сметалық құжаты әзірленді, бұл 47,7 мың гектар жерді қалпына келтірмек. Қазір бұл жұмыс Ескелді ауданында Ислам даму банкінің қаржыландыруымен басталды. Ал 54 мың гектар жерді қалпына келтіруге қатысты Балқаш, Іле, Жамбыл, Қарасай, Қаратал, Райымбек, Сарқан, Талғар аудандары

мен Талдықорған қаласы бойынша жобалау жұмысы жүргізілуде.

Сарқан ауданында Покатилов, Ақсу ауданында Бүйен, Ұйғыр ауданында Кіші дикан, Тиірмен су қоймаларын қалпына келтіру арқылы айналымға жаңадан 27 мың гектар суармалы жерді қосу көзделуде. Қызылағаш су қоймасы мен су торабы және магистральды арна қалпына келтірілуде. Нәтижесінде 5700 гектар жер айналымға енгізіледі. Ирригациялық дренаждық жүйелерді жаңғырту бағдарламасы аясында екінші кезеңмен 12,5 мың, үшінші кезеңінде 37,2 мың гектарды қамтитын арналар қайта жаңғыртылмақ. Мал шаруашылығында «смарт-фермалардың» қатарын көбейту міндеті тұр. Бұл ретте облыстық бюджет пен «Аграрлық Несие Корпорациясы» АҚ қаржыландыруымен 50–200 басқа арналған сүт фермаларын құру жұмысы қолға алынууда. 2021 жылға дейін сүт фермаларының санын 100-ге, қуаттылығын 23 мың басқа кеңейту көзделуде.

Елбасы Жолдауындағы аграрлық салаға қойылған міндеттің бірі – өңделген ауылшаруашылығы өнімінің экспортын ұлғайту. Қазіргі уақытта облыстан 33 шаруашылық әлемнің 69 мемлекетіне өнімін өткізуде. Қантар мен наурыз айларында 50 млн долларға азық-түлік өнімі экспортталды. Болашақта экспортты ұлғайту үшін етке басымдық беріліп, оған «Трансұлттық компаниялардың» қатысуымен инвестициялық ірі жобаларды жүзеге асыруға қол жеткізілмек. Мысалы, биыл Жамбыл ауданындағы ирандық «Империя Фуд» ЖШС-нің 8 мың, Алакөл ауданындағы «Арқарлы Майбүйрек» ЖШС-нің 15 мың тонна ірі қара етін өңдейтін комбинаттары іске қосылмақ. Оның сыртында



«Ауыл шаруашылығы өндірісінің көлемін ұлғайту және қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын дамыту мақсатында бәсекеге қабілетті өнімді бастапқы қайта өңдеу, сақтау мен өткізу үшін қолайлы жағдай жасау қажет. Аталған бағдарлама ауыл шаруашылығы өнімдерінің аса қажетті түрлері бойынша халықтың ішкі қажеттілігін қамтамасыз етуге, экспорттық саясатты айқындауға бағытталатын болады»

(Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)



Іле ауданындағы Италияның Gremonini компаниясының қатысуымен 25 мың тонна сиыр еті мен Германияның «Бауманн» компаниясымен 30 мың тонна қой етін өндіретін зауыт салу жұмысы басталады. Бұлар «кластерлік жүйедегі» нысандар, яғни онда бордақылаудан бастап дайын өнімді өткізуге дейінгі тізбек қарастырылған.

Аталмыш жобалардың қуаттылығын толық қамту үшін мал басы мен өнімділігін арттыру қажеттігі туындайды. Бұл ретте мал тұқымын асылдандыруға зор мән беріледі. Отандық өнімдермен ішкі қажеттіліктің өтелуі зерделенеді. Еттен басқа майбұршақ майын, балық өнімдері мен жанғақты, балды экспортқа шығару мүмкіндігі зор. Бұл мемлекет басшысының шикізатты қайта өңдеуді қамтамасыз етіп, әлемдік нарықтарға жоғары сапалы дайын өніммен шығу тапсырмасын орындауға негіз болады.

Сондықтан алдағы жылдары тамақ өнеркәсібінің 9 бағытын дамытуға мән беріледі. Атап айтқанда, олар ет, сүт, жүн, тері, майлы дақылдар, жүгері, жеміс-көкөніс, қант қызылшасы мен қартопты тереңдете өңдеу. Бұл бүкіл әлемге танылатын «Қазақстанда жасалған» табиғи азық-түлік брендин қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Қазіргі заманауи ақпараттық технологиялар адам өмірінің, оның ішінде денсаулық сақтау саласының түрлі тармақтарын дамытуға зор мүмкіндік береді. Ұлттық денсаулық сақтау жүйесін дамыту және жаңғырту саясаты Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатыр. Соңғы жылдары медицина саласында көптеген жаңа технологиялар пайда болуда. Оның ішінде медицинаны цифрландыру, медициналық сақтандыру, ота жасауда жаңа үрдісті пайдалану сынды ең өзекті тақырыптарды айтуға болады. Сондықтан Алматыдағы А.Сызғанов атындағы Ұлттық хирургия ғылыми орталығының басқарма төрағасы, хирург-трансплантолог Болатбек Баймахановпен болған сұхбатымыз бүгінгі медицинадағы тың өзгерістер мен жаңа технологияның тиімділігіне арналды.

Jas qazaq: Болатбек мырза, сұхбатымызды қазіргі медицинадағы жаңа технологиядан бастасак. Өзіңіз басқарып отырған А.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы, оның ішінде трансплантология бөлімі жаңа технологиямен қаншалықты жабдықталған?

Б.Баймаханов: Жаңа технологиямен тек медицина емес, барлық сала қамтылып жатыр. Бұл дегеніміз жоғарғы көрсеткіш. Өйткені әлемде болып жатқан техникалық, технологиялық өзгерістердің арқасында медицина саласына жаңа жүйелер қосылып, халыққа қызмет стандарттарға сай көрсетілуде. Мысалы, диагностикада көптеген жаңа тәсілдер енгізілді. Оның ішінде томографияның, УДЗ-дің бірнеше түрі бар. Бұнын бізге берер пайдасы өте көп. Емдеу, диагностика жүйесін жоғары деңгейге жүзеге асыру бізге де, емделушіге де ыңғайлы әрі тиімді. Осыдан 20-30 жыл бұрынғымен бүгінгі салыстыруға мүлде келмейді. Бұрындары наукастың диагнозын анықтау күрделі мәселе болатын. Көбінесе клиникадағы рентгенге түсірілетін. УДЗ кейбір емханада болған да жоқ. Ал бүгін ауруханалар құрал-жабдықтармен толық қамтылып, көптеген заманауи құрылғылар орнатылды. Бұл біздің еліміздегі ғана емес, бүкіл дүниежүзіндегі жанашылдық, әрі тенденция. Сол себепті Қазақстан бұл жағдайда артта қалмауы тиіс. Өйткені бұл мемлекеттің, медицинаның деңгейін көрсетеді. Сондықтан жаңа жүйе, жаңа технологияларды медицинаға енгізбейінше, алға кадам басып, сапалы көмекті ешқашан көрсете алмаймыз. Қазір көптеген орталықта енгізіліп жатқан жаңа технологиялар аз емес. Оның ішінде біздің ғылыми-хирургия орталығында кардиохирургия жағынан алсақ, бұрын көп отаны ашық жасайтынбыз. Қазір жабық түрде жасайтын дәрежеге жеттік. Бүгінде 70-80 пайыз ота осылайша жабық түрде жасалады. Кардиохирургия, балалар кардиохирургиясында

наукастарға диагноз қоятын кезеңге де жақындап келеміз. Жаңа технология — бұл заманауи үрдіс. Барлық саламен қатар медицина саласы да қарқынды дамып, өзінің нәтижесін беріп келеді. Әрине, роботтар дәрігердің орнын баса ала алмас. Бірақ мұндай жаңа жүйелер ақ халаттыларға дұрыс бағыт беруге, шипа іздегендердің диагнозын дер кезінде анықтауға өздерінің үлесін қосады.

Jas qazaq: Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырылуы қалай?

Б.Баймаханов: Иә, денсаулық сақтау саласы бойынша жыл сайын бағдарлама жасалып тұрады. Бұл жұмыс жоспарының пайдасы мол. Өйткені медициналық сақтандыру, цифрландыру, білікті мамандар тарту тағы басқалары да халықтың денсаулығы үшін жасалынып жатқан жағдайлар. Ең бірінші байлық — денсаулық. Әрбір адам баласы ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол қарастырғаны абзал. Бұған қоса, әр жеке тұлға мемлекет беріп жатқан мүмкіндікті дұрыс пайдалануды үйренуі тиіс. Медициналық көмектің не екенін әлі де дұрыс түсінбей жүргендер бар. Қазір кез келген ақпаратты ғаламтордан оқып, қарап,

Болатбек БАЙМАХАНОВ:

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ – ЗАМАНАУИ ҮРДІС



жаңа технология пайдаланып, кеуде мен төсті кеспей-ақ ота жасау үрдісі қолға алынуда. Трансплантологияның өзі жаңа технологияға жатады. Барлығының қарқыны қаржыландыруға байланысты. Бұл жағына келгенде қаражат аямау керек. Жоғары да айтып өткенімдей, дамыған заманда жаңа тәсілмен емдемесек, медицинамыз ешқашан жоғарғы деңгейге көтерілмейді. Тіпті шетелге ем іздеп кетіп жатқан науқастарымыз жетерлік. Сондықтан азаматтарымыздың шетелден ем іздемей, өз елінде де сапалы медициналық көмек алуы үшін жаңа технологияны игерудің маңызы өте зор.

Jas qazaq: Алдағы уақытта нақты қандай жаңа технологиялар енгізуді жоспарлап отырсыздар?

Б.Баймаханов: Қазіргі жасалып жатқан негізгі технологияның барлығы трансферт деп аталады. Дертіне шипа іздегендерді заманауи жүйемен, жаңа тәсілмен емдеуге күн санап көшіп жатырымыз. Бұл әлдеқайда тиімді. Адам өмірін ұзартуға да өз ықпалын тигізеді. Ал дәрігердің міндеті осы жанашылдықты меңгеріп, үйреніп, науқастардың құлантаза жазылып кетуіне жәрдемдесу. Өзіміз жасап шықпасақ та, тиімділігіне орай жаңа технологияны шетелден әкелуге тиіспіз. Сол үшін де біз жыл сайын халықаралық дәрежеде шетелдік дәрігерлермен бас қосып, тәжірибе жинақтаймыз. Халықтың сапалы ем алуы үшін барлық жағдай жасалуы тиіс. Жалпы тенденцияға қарасақ, алдағы уақытта роботтар ота жасап, жасанды интеллект

✓ **«Отандық медицина ғылымын дамытудың бірінші кезекті міндеті – әлемдік озық стандарттар мен тұжырымдамалар трансфертінің негізінде оның әдіснамалық тәсілдерін жаңғырту болмақ. Осы мақсатпен отандық ғылыми-зерттеу бағдарламалары мен жобалардың халықаралық бағдарламалармен және жобалармен интеграциясына баса назар аударылатын болады, отандық жобалардың халықаралық көп орталықты зерттеулер бағдарламаларына тартылуы ынталандырылады»**

(Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)



түсінікті мағлұмат алуға болады. Әркім өз құқығын жақсы біліп, қорғай алса, ешқандай түсініспеушілік орын алмайды. Дәрігерлерге тағар айыпта азаяды. Бүгінде еліміздегі медицина дамып жатыр. Өйткені шетелде жасайтын отаның көптеген түрін Қазақстанда да жасай аламыз. Білікті, тәжірибелі мамандарымыз да жетерлік. Бағдарлама еліміздің орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін халықтың денсаулығын нығайтуды көздейді. Сондай-ақ оның міндеттері қоғамдық денсаулық сақтау жүйесін дамыту мен аурулардың



профилактикасын және басқаруды жетілдіру жағын реттейді. Денсаулық сақтау жүйесін басқарудың және қаржыландырудың тиімділігін арттыру — негізгі мәселе. Ағымдағы мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру барысында Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесінің әлеуеті нығайтылды. Нарықтық тетіктер элементтері енгізілді және қазіргі заманғы медициналық технологиялар трансферті жүзеге асырылды. Ал осы бағдарлама қол жеткізілген нәтижелерді бекіту мен дамытуға және денсаулық сақтау мәселесіндегі проблемаларды жаңа сын-тегеуріндерге сәйкес шешуге бағытталады.

Jas qazaq: Әлі де шетелге барып емделетіндер бар деп жатырсыз. Бұл тенденцияның бүгінде қарқыны қандай? Отандық медицинаға деген көзқарас қаншалықты өзгерді?

Б.Баймаханов: Иә, дертіне шипа іздеп, шетел асып жататындар бар. Бұл текке шығындану деп айтар едім. Өйткені ондай ота



Дүниежүзілік трансплантация ұйымында өз орнымыз бар. Әрине, мұндай отаны бір адам ғана жасамайды. Бір отаға 40-50 адам қатысады. Бұл — командалық жұмыс. Сол оталардың дұрыс жасалуын өзім қадағалаймын. Әр адам өз орнында тиісті жұмысын дұрыс істесе, қоғам дамиды. Әркім оны еңбекпен, білімімен дамыта түссе, мемлекет те алға жылжиды. Негізінен біздің елде ең көп жасалатын ота — бүйрек ауыстыру. Себебі бүйрек аурулары жиі кездеседі. Шетелде бүйрек жетіспеушілігінің негізгі себебі — қант ауруы, диабет болса, бізде пиелонефрит және гломерулонефрит аурулары басым. Бұл ауруларды дер кезінде анықтап, емдесе, жазылып кетеді. Ал бізде сол қарапайым емделетін ауруларын асқынтып алып, бүйрек жарамсыз болып қалғанда ғана дәрігерге жүгінеді. Ауру асқынған сайын бүйрек бүрісе береді. Ақырында ота жасауға тура келеді. Дүниежүзі бойынша, сонымен қатар біздің елде де бауыр алмастыру отасы бүйректен кейінгі кезекте тұр. Ең ұзақ әрі ауыр жасалатын ота да осы.

Jas qazaq: Әлгінде трансплантацияның өзі жаңа технологияға жатады деліңіз. Осыған толығырақ тоқтала кетсеңіз?

Б.Баймаханов: Негізінен ағза ауыстыру идеясының пайда болғанына жарты ғасырға жуық уақыт болды. Бауыр алмастыруға — 50 жыл. Ал бүйрек отасы 70 жылдан асты. Бірақ инновациялық техникалармен шешу мәселесі бір орында тұрмайды. Бүйрекке лапароскопиялық методика қолданылады. Көлемі кішкентай 5-6 сантиметрлік жарық жасап, сонымен алынады. Өйткені аурудан тез айығып кетуіне пайдасы көп. Жаңа дәрі-дәрмек, қолданатын құрал-жабдықтың барлығы жұмыстың нәтижелі болуына әсер етеді. Оның ішінде жаңадан дамып келе жатқан сала лапароскопиялық методикамен, кішкентай тесіктермен тірі донордың бауырын алу.

Келесі жылдан бастап соны жасауды жоспарлап отырмыз. Ағзаны алу қағидасы ескі болғанымен, қалай жасау мәселесі, жолдары, технологиясы жаңарып отырады. Трансплантация жасаған, ауыстырған органның әрі қарай тез жазылып кетуі, науқастың технология мен дәрі-дәрмекті қалай пайдалануына байланысты.

Jas qazaq: Өзіңіз айтып өткендей, денсаулық сақтау саласындағы жаңа технология, цифрландыру, медициналық сақтандыру бойынша жұмыстар қарқынды түрде жүргізілуде. Осылардың пайдасын қысқаша түйіндеп беріңізші.

Б.Баймаханов: Бұлар біздің елде ғана енгізілген жаңа жүйелер емес. Дүниежүзінде бар тәжірибе. Цифрландыру — тез ақпарат алып, бір-біріне аз уақытта ақпарат беру, алмасу деген сөз. Бүгінгі қажеттілік қағаз емес, осы цифрландыру. Ал міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізудегі басты мақсат — жауапкершілікті арттыру. Себебі



түрлерін біздің елде де жасай алатын деңгейге жеттік. Дегенмен халықтың сеніміне кіру оңай нәрсе емес. Мүмкін ақпараттандыру, түсіндіру жағы кемшін шығар.

Трансплантация жөнінде айтар болсам, бұл тенденция азайып келеді. Қазір орган ауыстыру үшін шетелге сирек барады. Дәл сол отаны өз елімізде бірнеше есе арзанға және өте сапалы жасауға болатынын халық түсіне бастады.

Jas qazaq: Бүгінге дейін елімізде көптеген ағза ауыстыру отасын өзіңіз жасайсыз. Осы оталардың ішіндегі ең күрделісіне қайсысын жатқызар едіңіз?

Б.Баймаханов: Әр отаның өз қиындығы бар. Менің негізгі айналысатыным — бауыр, бүйрек трансплантациясы. Республикада жасалған трансплантациялық оталардың 35-40 пайызына өзім бас болып қатысыппын. Соңғы төрт жылда 300-ге жуық бүйрек, 100-ге жуық бауыр алмастыру отасы менің басқаруыммен өтті. Нәтижелері өте жақсы. Біз осы оталар арқылы шетелде танымалмыз.

денсаулық үшін әр адам өзі жауап беруі тиіс. Халықаралық тәжірибеде МӘМС жүйесін енгізу медициналық сын-тегеуріндерге жауап береді және жүйенің қаржылық тұрақтылығын реттейді. Бұл медициналық қызметтің жоғарғы сапасы мен қолжетімділігімен қамтамасыз етеді. Жүйені енгізудегі мақсат — мемлекеттің, жұмыс берушілердің және азаматтардың ынтымақты қатысуына негізделген медициналық көмек көрсету міндеті мен кепілдеменің теңдестірілген әрі тұрақты жүйесін құру болып табылады. Осылайша, денсаулық сақтау жүйесіне әркімнің қатысу деңгейі мен жауапкершілігі нақты айқындалады. Бұған қоса, медициналық сақтандыру — қордағы жиналған қаражатты тиімді пайдалануға байланысты жүзеге асады. Қорға қаражат түсіп отыру үшін қалталылар жағдайы жоқтарға, сау адамдар науқастарға қаржы құюы міндеттеледі. Яғни он екі мүшесі сау азаматтарымыз медициналық көмекке зәру жандарға, жұмыс істейтіндер жұмыссыздарға көмектеседі. Жүйе өз деңгейінде жүзеге асса, қоғамда ортақ жауапкершілік қалыптасып, ешқандай қиындық, мәселе туындамайды.

**Сұхбаттасқан
Салтанат ШЫРЫНХАН**

2020 жылдарға арналған Өңірлерді дамыту бағдарламасы Көкше аумағында тұрақты даму үстінде. Көкшетаудың іргесіндегі Красный Яр ауылдық округінің әлеуметтік-экономикалық даму барысы жоғарыда біз айтқан пікірді нақтылай түседі.

ӨҢІРДІҢ ӨҢІН КІРГІЗГЕН

Красный Яр ауылының бүгінгі тыныс-тіршілігі, Өңірлерді дамыту бағдарламасы аясында жасалып жатқан қат-қабат шаруа көрген жанның көңілін көншітіп, мерейін бір өсіріп тастайтындығы даусыз. Олай дейтіміз, соңғы екі-үш жылдың ішінде бой көтерген жаңа ғимараттар шағын елді мекеннің шырайын келтіріп тұр. Көше бойын жарықтандыру мен аула аумағын абаттандыру жұмыстары да тайға таңба баскандай бірден көзге түседі. Әрбір көшеге күл-коқыс жәшіктері қойылып, жаңадан автобус аялдамалары салыныпты. Тұрмысы түзелген ауылда демографиялық өсім байқалады. Бүгінде халық саны 14 мыңға жуықтаған.

Красный Яр ауылдық округінің әкімі Нұрлан Айсин «Жалпы Красный Яр ауылдық округі бойынша мемлекеттік тұрғыда шыққан үлкен бағдарламалар «Рухани жаңғыру», «Нұрлы жер», «Нұрлы жол» бағдарламалары бойынша үлкен-үлкен шаралар біздің аумақта жүргізіліп жатыр. Соның біреуі мемлекет пен жекеменшік бірлесіп, осы бағдарлама бойынша үш 32 пәтерлік үй салынды. Қазір онда адамдар тұрып жатыр. Ендігі бағдарламаның бірі – Өңірлерді дамыту бағдарламасы бойынша жол жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жол жөндеуге асфальт-бетон жапсыру үшін жолдарды Целинный, Комсомол Шәкеев көшелеріне Киев, Геологтар көшелеріне жалпы 11 мың 500 шаршы метр аумақта жол жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бөлінген қаражат – 24 миллион теңге. Одан басқа да көшелерді жөндеу жоспарланған. Мәселен, Школьный, Шәкеев, Автобаза көшелерінде жөндеу жұмыстары қолға алынбақшы. Оған бөлінген қаражат -15,7 миллион теңге. Жалпы аумағы – 22 мың 200 шаршы метр», – дейді.

Жергілікті халық басы ауырып, балтыры сыздаса, Красный Яр емханасына қаралады. Биылғы жылы медициналық мекеменің күрделі жөндеу жұмыстарына республикалық бюджеттен 120 миллион теңгеден астам қаржы бөлінген.

Красный Яр емханасының бас дәрігері Балкия Уәйісова былай дейді: «Красный Яр емханасы 14 мыңнан астам адамға медициналық көмек көрсетеді. 1 мен 5 жас аралығындағы балалардың саны – 3325. Есепке алынған жүкті әйелдердің саны – 140. Бүгінгі күні емхана ғимаратында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде».

Елді мекендегі қордаланған бір мәселе көріз жүйелерін ауыстыру жұмысы болатын. Биылғы



«Бағдарлама халықтың өмір сүру сапасын арттыруға (тыныс-тіршілікті қамтамасыз ететін инфрақұрылымды – энергия және жылу көздерін, газбен, жылумен, электрмен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға), өңірлердің экономикалық әлеуетін дамытуға, сондай-ақ өңірлерді функционалдық типологиясына және экономикалық әлеуетіне сәйкес дамытуға бағытталған, олардың нарықтық бастамада ішкі шоғырлануына, өзін-өзі ұйымдастыруға және өзін-өзі дамытуға көшуіне ықпал ететін өкімшілік-құқықтық және экономикалық сипаттағы шараларды айқындайды»

(Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасынан)

жылы қалалық бюджеттен бұл мақсатқа 9 миллион теңге көлемінде қаражат бағытталды.

Нұрлан Айсин «Целинная, Орталық көріз жүйелерінің құрылыс жұмысына конкурс жарияланды. Оның жеңімпазы – «Көкшетаусельпроект» ұжымы. Қазір олар жұмысқа кірісіп жатыр. Бұдан бөлек, бірнеше көшеге 91 миллион теңге көлемінде қаражат бөлініп отыр. Бұл қаражат көшелердегі жарық жүргізуге бағытталмақ. «Көкшетау электромонтаж» деген серіктестік тиісті жұмыстарды жүргізетін болады», – дейді.

Красый Яр ауылында жалпы білім беретін 3 бірдей мектеп бар. 2015 жылы №3 көпсалалы мектеп гимназиясына 264 оқушыға арналған қосымша жаңа ғимарат салынды. Бүгінде білім мекемесінде оқушылардың сапалы білім, саналы тәрбие алуына барлық жағдай қарастырылған.

Красный Яр көпсалалы мектеп-гимназиясының директоры Мәдина Белгібаева «2018-2019 оқу жылында 73 жоғары білімді, жоғары санатты кәсіби білім алған ұстаздар

жаңа асхана жұмыс істейді. Сондай-ақ мектептің дәліздері кең, жарық, заманауи жабдықталған. Оқушыларға заманауи сапалы білім өте ыңғайлы сапалы жағдайлар жасалған, – дейді.

Өңірлерді дамыту бағдарламасы шын мәнінде, өңірдің өнін кіргізген серпіліс болды. Селодағы жөндеу жұмыстары тұрғындардың еңсесін көтеріп, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларының жақсаруына айтарлықтай септігін тигізіп отыр. Елдің жағасы жайлау болып отырса, ол ең алдымен, жоғарыда біз сөз етіп отырған бағдарламаның шарапаты.

Красный Яр жылу қазандығының бастығы Владимир Ступин «Красный Яр жылу қазандығы екі жылдан бері жұмыс істейді. 2016 жылы пайдалануға берілген. Тұрғындардың алғысына бөленіп отырмыз. Жылу толық көлемде беріледі. Қазір жылу жүйесіне 92 нысан қосылған. Олардың қатарында 16 көпқабатты, 10 әлеуметтік, 60 жекеменшік тұрғын үй бар. Келешекте кәсіби техникалық колледжі, 4 қабатты тұрғын үйлер жылу жүйесіне қосылатын болады», – деді.

Ал ауылдық округ әкімі «2016 жылы осы жылу қазандығы салынған болатын. Бағдарлама бойынша 912 миллион теңге қаражат бағытталды. Бұл өте маңызды құрылыс. Бүгінгі күні жылу жүйесіне 5 әлеуметтік нысан, 3 мектеп, емхана және «Көкше» мәдениет үйі қосылып отыр. Сондай-ақ, 30 шақты көпқабатты 50 шақты жеке үйлер қосылып, қызметін пайдаланып отыр. Былтыр жобалық құжаттамалары әзірленді. Жобаның негізгі мақсаты – Шәкеев, Симферополь, Мир көшелерінің аумағында 408 гектар аумаққа орналасқан көпқабатты пәтерлеріне жылу құбырларын жүргізіп, жылу жүйесіне қосу. Оған енді жоба дайын. Арнайы тексерістен өтілді. Республикалық бюджеттен ақша бөлінеді», – дейді.

Өткен жылы Красный Яр ауылындағы «Көкше» мәдениет үйіне су жаңа музыкалық аппаратура сатып алынса, биылғы жылы

шығармашылық ұжымның алыс-жақын ауылдарға жүріп-тұруына арналған «Газель» автокөлігі берілген. Өткен жылдың аяғында үнемделген қаржы есебінен «Көкше» мәдениет үйіне жалпы сомасы 3 миллион 200 мың теңгеге концерттік құрал-жабдық сатып алынды. Бұл жергілікті жерде әлеуметтік, мәдениет салаларының дамуына айтарлықтай қолдау болғаны анық. Бұдан бөлек, ағымдағы жылы Көкшетау қаласы әкімдігінің көмегімен мәдениет үйіне су жаңа «Газель» автокөлігі сатып алынды. Осы жағымды жаңалық шығармашылық ұжымның концерттік бағдарламаларымен алыс-жақын ауыл-аймақтарға шығып тұруына оң ықпал етпекші.

Қазір ауылда жұмыссыздық жоқтың қасы. Бұрын-соңды екі қолға бір күрек таппағандар бүгінде мемлекеттік бағдарламаның игілігін көріп отыр. Биыл жұмыссыз жүрген 22 адам жұмыспен қамтылды. 44 адам қоғамдық жұмыстарға тартылды. 8 адам әлеуметтік жұмысқа орналасты. 5 адам жастар тәжірибесіне жіберілді.

Ауылдағы мемлекет пен жекеменшік әріптестік негізінде 2016 жылы бой көтерген «Мансұр» балабақшасында 100-ден астам балғын тәлім-тәрбие алады.

«Мансұр» балабақшасының меңгерушісі Алтынгүл Дамыс «Балабақша 2016 жылдың 1 ші маусымында пайдалануға берілген. Қазіргі таңда 130 баланы тәрбиелеп жатырмыз», – дейді.

Күллі әлем көз тіккен «ЭКСПО-2017» көрмесіне ұсынылған жел электр стансасының



жобасы Красный Яр ауылында жүзеге асу үстінде. Жергілікті әкімнің айтуынша, стансалар алдағы жылдан бастап электр қуатын тарата бастайды. Әзірге 5 жел электр стансасының жұмысын үйлестіріп жатыр. Жаңа құрылғының қуат көзінің қауқары 3,75 қ/ват. Биылғы жылы бұл жұмыстарды бітіріп, ендігі жылдың басынан электр тарату жұмыстары басталмақ.

Ауылға жаңа су құбыры тартылып, ескілері күрделі жөндеуден өткізілді. Соның нәтижесінде тұрғындар сапалы, таза ауыз сумен қамтылды. Красный Яр ауылындағы жүйелі түрде жүзеге асып келе жатқан игілікті шаралар елдің ертенгі күнге деген сенімін еселей түскендей.

Бөйкен КӨБЕЕВ,

Ақмола облысы

2011-2020 жылдарға арналған «Ақ бұлақ» бағдарламасының басты мақсаты – халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету. Екі көзеңнен тұратын бағдарлама аясында Атырау өңірінде қалалық және ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау, елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйесін тиімді пайдалану мақсатында ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

Мәселен, мұнайлы өлкеге қарасты шежірелі тарихқа бай өлке – Жылыой ауданында ұзақ жылдан бері жазғы маусымда көпқабатты тұрғын үйлерді ауыз сумен қамту өзекті мәселе болып келген еді. Жақында Атырау облысының әкімдігі «ҚазТрансОйл» компаниясымен арада екіжақты келісімге қол жеткізді. Нәтиже сол, келісім аясында магистральды су таратқыштан тәулігіне берілетін су мөлшерін 9400-ден 12000 текше метрге дейін ұлғайту мүмкін болып отыр.

Жылыой ауданының басшысы Азамат Бекет «Мұнайлы өңір басшылығының «ҚазТрансОйл» компаниясымен арадағы келісіміне сәйкес, екіжақты комиссия құрылды. Комиссия мүшелері Құлсарыда берілетін су мөлшерін көбейтуге шешім қабылданды. Жаз мезгілінде күннің ыстығы салдарынан, әсіресе, көпқабатты тұрғын үйлердің жоғары қабатында тұратындар су проблемасына байланысты қиындық көретін еді. Берілетін су көлемінің көбеюі арқасында проблема шешілді», – дейді.

Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында бүгінгі таңда «Ақ бұлақ» бағдарламасының «Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасына» енгізілгенін айта кеткен жөн. Сала мамандары күні бүгінде бағдарламаның оң нәтижелерін көріп отырғандарын айтады. Мәселен, 2011-2018 жылдар аралығында сумен қамтудың 105

нысанының құрылыстары аяқталып, ауылдық елді мекендерде орталықтандырылған сумен қамтамасыз етуге қолжетімділік 78 пайызға дейін ұлғайды. Тасымал суды пайдаланатын елді мекендер саны азайды. Атырау облысы энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысы Мұрат Иғалиев «Дәлірек айтсақ, күні бүгінде облыс көлеміндегі жеті аудандағы 164 ауылдық елді мекеннің 128-і, яғни 78 пайызы орталықтандырылған. 36 елді мекен, яғни 22 пайызы ауыз сумен орталықтандырылмаған», – дейді.

МӨЛДІР ТАМШЫНЫҢ ДӘМІ

**СУДЫҢ ТАРИФІ
АРЗАНДАДЫ**

Атырау қаласында ағымдағы жылдың 1 тамызынан бастап, ауызсу бағасы 3 пайызға арзандады. Аталған тариф бір жыл бойы қолданыста болады.



Осы ретте, өткен жылы жергілікті бюджет есебінен жалпы құны 1,8 млрд теңгені құрайтын тоғыз нысанның құрылысы іске асырылып, алты нысанның құрылысы аяқталғанын атап өткен жөн. Соның нәтижесінде Жылыой ауданында – Тұрғызба, Қосшағыл, Махамбет селосы, Құрманғазы ауданында тоғыз ауыл – Балқұдық, Азғыр, Қоныртерек, Сүйіндік, Жалғызбапан, Батырбек, Егінқұдық, Жыланды

ауылында су құбыры және Дәшін ауылындағы 1-ші су көтеру сорғы стансасы іске қосылды.

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты кезекті Жолдауында ауылдық елді мекендерді сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін үкімет бұл іске барлық қаражат көздерінен жыл сайын кем дегенде 100 миллиард теңге қарастыруы қажет екендігі атап көрсетілген. Осы бағыттағы жұмыстарды жалғастыра отыра, үстіміздегі жылы Исатай ауданындағы Қызыл үй, Жасқайрат ауылдарындағы сумен қамту жүйесін жалғастыру үшін, Құрманғазы ауданы Ганюшкин және Жүмекен ауылындағы Даулеткерей, Көнеу елді мекендеріне сумен қамту жүйесінің құрылысын бастауға қаражат бөлінді.



М.Иғалиев «Бұдан басқа, 14 шағын елді мекенге жобалау-сметалық

құжаттамалар әзірленуде. Соның ішінде, Құрманғазы ауданында тоғыз елді мекенде, яғни Ақкөл, Алға, Қаракөл, Голбин, Көкарна, Котьевка, Кудряшов, Асан, Ұштаған ауылдары, Индер ауданында үш елді мекен – Ақтан, Қызылжар, Кетebай ауылдары, Исатай ауданында бір елді мекен – Амангелді ауылы, Жылыой ауданында бір елді мекен Қарағай ауылы қамтылып отыр. Жобалау жұмыстары аяқталысымен, жоспарға сәйкес, республикалық және жергілікті бюджеттен қаражат сұратылып, құрылыстары 2018-2019 жылдары аралығында іске асырылатын болады», – делі.

Негізгі жұмыс жоспарына облыс орталығынан ең шалғайда орналасқан малды өңір – Қызылқоға ауданының магистральдық желіге жақын орналасқан Бүйрек, Айдын, Қосқұлақ және Кенбай елді мекендерін орталықтандырылған ауыз сумен жабдықтау мәселесі де енгізіп отыр. Аталған жоспарлы жұмыстар жүзеге асқан жағдайда, 2020 жылға дейін облыс елді мекендерін орталықтандырылған ауыз сумен қамту көрсеткіші 87 пайызға жетеді деп күтілуде.

Ал мемлекеттік бағдарлама шеңберінде республика бойынша орталықтандырылған сумен қамту көрсеткіші 2020 жылға дейін 62 пайызға дейін жеткізу жоспарланған. Атырау облысы энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы «Біздер бұл көрсеткіштен асып отырғанымызды назарға саламын. Облыстағы 164 елді мекендегі 143 елді мекен 87 пайызға орталықтандырылған ауыз суға қол жеткізетін болады», – деп түйінделі әңгімесін.

Баян ЖАНҰЗАКОВА,

Атырау облысы






Зеренді ауданындағы Елікті туристік тау шаңғы орталығын кәсіпкер Анар Бектемірованың өз иелігіне алғанына жеті жылдың жүзі болған. Осы жылдар ішінде сәулеті мен салтанаты туристерді қызықтыратындай шаңғышылар мен сноубордшыларға арналған бес трасса салыныпты. Ол демалушылардың дайындығына байланысты үш категорияға бөлінген. Шаңғы тебуді енді ғана бастағандарға тегіс, кеңылды жасалды. Ал шаңғыны орташа және кәсіби тебетіндер үшін шұғыл құламалар, еңістер ойластырылған.

— Бұл біздің отбасылық бизнесіміз. Біз оны өз иелігімізге алмас бұрын тауды игеру жұмыстары басталған болатын. Бірақ ол әуел баста шағын ғана топтың демалуына шакталан еді. Сондықтан аса танымал емес-тұғын. Бизнесің бұл түріне қызығушылығымыздың

курортында болды. Ресейдің демалыс орталықтарында жиі демаламыз. Ресейдің өзінде шаңғы курорттарының саны 250-ге жетеді. Олардың 50 пайызы біздің Елікті тауынан әлдеқайда аласа екен. Содан біздің де жасанды қар арқылы өз орталығымызды дамытуға



БАҒДАРЛАМА БАҒЫН АШҚАН КӘСІПКЕРЛЕР

оянуы кездейсоқ болды. Жолдасымыз екеуіміз тау шаңғысы спортын өте жақсы көреміз. Әрине, спорттың бұл түрімен кәсіби деңгейде айналысқан емеспіз. Барлығы да денсаулық пен таза ауадағы демалыс үшін болатын. Сондай бір демалысты жоспарлаған кезімізде, достарымыз бізді осы Еліктіге шақырды. Ол кезде біз Астанада тұратын едік. Көкшетаудан алыс тұрмасaq та, бұл жерде тау шаңғысы базасы бар екенін білген жоқ едік. Сөйтіп, достарымызбен Көкшетаудың жанындағы осы Еліктіге демалуға келдік. Мұндағы таза ауа, әсем табиғат бізге қатты ұнады. Тау-шаңғы спортына деген қызығушылығымыз одан сайын арта түсті. Сөйтіп, бұл демалыс орталығын сатып алуға болатынын білдік. Бұл тау-шаңғы базасының сапасын арттыру үшін көп қаржы қажет болды. Біз оған да қарамай, отбасылық кенесте осы «Елікті» демалыс орталығын иелігімізге алып, оны әрі қарай көтеріп, дамытуды өз мойнымызға аламыз деп шештік. Әрі мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан көмектен де дәмелі едік. Қазіргі күні «Бизнесің жол картасы-2020» бағдарламасының игілігін біраз жұрт көріп отыр ғой.

Сөйтіп, сүйікті істерін кәсіпке айналдыруды шешкен Анар Бектемірова жолдасымен туристік орталықты дамытуға бар күштерін салады. Біріншіден, Астанадан Көкшетауға көшіп келеді. Екіншіден, стратегиялық жоспар құрып, оны жүзеге асыруға кіріседі. Курортты аймақтағы демалысты жоғары деңгейге көтеру үшін тау-шаңғы жолын калпына келтіруге бар күш-жігерлерін салады. Байқан қарасак, 7 жыл ішінде әжептәуір іс тындырылыпты. Бірінші кезекте, тау-шаңғы жолын калпына келтіруді қолға алынған. Өйткені, бұл жер Ақмола облысының ең жоғарғы нүктелерінің бірі. Елікті тауы шаңғы спортымен айналасуға таптырмас орын. Сондықтан, арқан жолдарын қайта салыпты. Яғни таудың жоғарғы нүктесіне дейінгі қашықтық 1300 метрді құрайды. Сондықтан қанат жолдарын ұзартқан. Жалпы, тау-шаңғы жолының ұзындығы 5-6 шақырым жерді құрайды. Кәсіби спортшылардың да жаттығуларына әбден болады. Содан кейін тау-шаңғы спортына қажет кәсіби, әрі сапалы жабдықтарды сатып алуға кіріскен екен.

Шыныммен де, шаңғымен және сноубордпен шұғылданатындар үшін мұнда тамаша жағдай жасалған. Трассаға жасанды қар бастыратын қондырғы да орнатылған. Бұл жұмыс «Бизнесің жол картасы — 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында қолға алынған. Өйткені, кейбір жылдары қардың аз түсуі тау-шаңғы базасындағы демалыс маусымын ашуға кедергі болған кездер көп болған. Сондықтан, Еуропа елдеріне демалуға отбасымен көп шығатын кәсіпкер, жасанды қар бастыратын құрылғы сатып алады.

— Тау-шаңғы базасы үшін ең басты мәселелердің бірі, бұл қыстың қарлы болуы. Ал кейбір жылдары қардың аз түсетіні белгілі. Ол біздің жұмысымызға кедергі екені сөзсіз. Мәселен, 2011-2012 жылдың қысында қар өте аз мөлшерде түсті. Тау-шаңғысы спортымен шұғылдануға мүлдем мүмкіндік болмады десе де болады. Бұл бізге ой салды. Жолдасымызбен шетелдегі қысқы демалыс курорттарына жиі шығамыз. Сондай демалыстардың бірінде ол жақтағы қардың жасанды екенін білдік. Еуропаның қысқы демалыс курорттарының барлығында дерлік жасанды қар жүйесі бойынша жұмыс істейді. Мәселен, Австрияның

болатынын білдік. Қардың қалың түскенінің өзінде тау-шаңғысымен айналысу үшін жасанды қардың пайдасы көп екен. Табиғи қардан әлдеқайда тығыз, яғни сырғанау үшін өте ыңғайлы, — дейді кәсіпкер Анар Бектемірова.

Жасанды қар жүйесін орнату үшін көкшетаулық кәсіпкерлер Ресейдегі компанияның қызметіне жүгінеді. Бұл компания Ресей олимпиадасын өткізуге қатысқан. Сондықтан тау-шаңғы базасын жаңғыртуды сапалы жүргізу үшін сенімді компанияға жүгінгендеріне еш өкінебейді. Соңғы 5-6 жылда демалыс орталығы жасанды қар жүйесінің арқасында қысқы демалыс мерзімін ерте бастап, кеш аяқтау мүмкіндігіне ие болуда. Осылайша, демалыс орталығы тау шаңғысымен айналысатындарды 4-4,5 ай бойы қабылдауға қауқарлы.

— Біз жасанды қар жасау техникасын орнату үшін Ресей компаниясының қызметіне жүгіндік. Онысымызға еш өкінебейміз. Ол үшін «Бизнесің жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша несие алдық. 2011-12 жылдың қысында қар аз түссе, біз жасанды қар жүйесін 2012 жылы орнаттық. 2-3 жылдың ішінде ол қарызымыздан да құтылдык. Бұл ісіміз оңды болған екен. Өйткені, бұл бұдан былай табиғат мінезін тәуелді болмайды. Желтоқсанның 16-сы қысқы маусымның ашылуын жасалдық. Ауа температурасы 8 градус суық болғанда біз қар ату құрылғысын іске қосып, тауды қарлау жұмысына кірісетін болдық. Әрине, бізге келген қонақтар жасанды қардың қандай екендерін көргісі келіп, үлкен қызығушылық танытады. Тамаша жүйе. Өте жоғары қысымда шашылған су жерге қар боп түседі. Ол табиғи қардан әлдеқайда тығыз боп келеді. Кант ұнтақтары сияқты. Ол шаңғымен және сноубордпен сырғанау үшін өте ыңғайлы. Осылайша жасанды қар жүйесі біздің демалыс орталығымыздың еш кедергісіз жұмыс жасауына жол ашты, — дейді кәсіпкер Анар Бектемірова.

Зеренді өңірінде туризмді өркендетуде «Елікті» тау-шаңғы базасының маңызы зор екені анық. Болашақта мемлекеттік қолдаудың арқасында қысқы демалыс орталығы екінші «Шымбулаққа» айналады деген үміт бар. Бүгінде мұнда келіп, демалатындардың саны күн санап артып келеді.

— Елікті базасына біз жанұямызбен әр қыс сайын келеміз. Шаңғышыларға барлық жағдай жасалған, — дейді Көкшетау қаласының тұрғыны Әлихан Зиябек, — қожайындарының айтуына қарағанда, «Бизнесің жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша өз кәсіптерін дөңгелетіп отыр екен. Қолдарынан іс келетін адамдарға осындай демеу болған бағдарламалардың бар екенін жалпы жұрттың білгені дұрыс қой.

Күлдіге орталығында балаларды шат қалқытып кенелтіп, тауға емін-еркін шығуына көмектесетін «Әзби-лифт» те бар екен. Жоғарыға сонымен шыққан балалар төмен қарай «әуе жастықтарымен» құлдилаиды. Әрі қызық, әрі көңілді.

Алғашқы кезде «Елікті» демалыс орталығы күніне тек 30-50 адамды қабылдауға қауқарлы болса, кейін тау-шаңғы базасының материалдық жағдайын жақсартса келе, бұл көрсеткіш бүгінде 10 есеге артқан. Бұл, әрине,

біріншіден, тау-шаңғы жолын, арқан жолын калпына келтірумен және спортпен айналысуға қажет спорт жабдықтарының болуына тығыз байланысты. Ал, ең бастысы, кәсіпкер «Еліктің» жоғары дәрежелігі демалыс орталығына айналыру үшін қонақүй кешенін салады. Жас ата-аналар болса, балаларын арнайы ойын бөлмесіне қалдырып, алаңсыз шаңғы тебуіне де болады. Балдырғандармен педагог-ұйымдастырушы жұмыс істейді. Жас ата-аналардың алаңсыз демалуы үшін жағдай жасалған.

— Тау-шаңғы жолдарын қалыппа келтірісімен, біз неғұрлым көп демалушыларды қабылдау туралы ойға келдік. Ол үшін, әрине, қонақүй керек екені сөзсіз. Жайлылық жоғары қонақүй кешенін салуға кірістік. Бізге келген қонақтар таза ауада серуендеп, тау-шаңғы спортымен айналысқан соң, жылы да, жайлы қонақүйде демалулары үшін жағдай жасауға тырыстық. Қонақүй кешенінде мейрамхана салдық. Кешен құрылысы 3-4 жылға созылды. Сөйтіп, нысанның құрылысы 2015 жылы толық аяқталды. Қонақүй кешенінің қызмет көрсету деңгейін 4 жұлдыз деп бағалаймыз.

Мұнда демалушының еш алаңсыз, демалуы үшін барлық жағдай жасалған. Тазалыққа да үлкен көңіл бөлінеді. Бөлмелерінің жайлылығы, жиһаздарының әдемі де сапалы болуы, қызмет көрсету деңгейі бәрі де 4 жұлдызды қонақүйге сай етіп ойластырылған. Қазір сертификат алуға талпынып жатырмыз. Біздің кешеннің тағы бір ерекшеліктерінің бірі — демалушыларға 3 мерзімдік тамактануды тегін ұсынамыз. Қонақтарымызға зор жауапкершілікпен қараймыз. Өзім де олармен жеке әңгімелесіп, пікірлерін, ұсыныс-тілектерін білуге тырысамын. Оның еш әбестігі жоқ деп санаймын. Өйткені кемшін тұстары болса, оны жою біздің міндетіміз, — дейді кәсіпкер Анар Бектемірова.

Иә, 3 реттік тамактану жүйесі демалушылар үшін өте ыңғайлы. Таза ауадағы демалыстан кейін дайын ыстық тамақпен қамтылу кімнің болса да көңілінен шығары сөзсіз.

Тау-шаңғы базасына келіп, таудан сырғанаған демалушының көңілі ток болса, қызмет көрсетуші мамандардың жоғары деңгейде жұмыс істегені. Құн сайын сырғанау жолдарын тазалап, тегістеп отырады. Ол үшін арнайы техникалары бар.

Бүгінде Анар Бектемірованың айтуынша, тау-шаңғы базасының



«Шағын және орта бизнесің экономиканы әртарапандырудағы рөлі өте маңызды. Ауылдарда, шағын қалалар мен моноқалаларда шағын кәсіпкерлік субъектілері тұрғындардың тұтынушылық сұранысын қанағаттандыруға бағдарланған секторларда жұмыс істей отырып, дамуға жаңа түрткі беруге тиіс. Осыған байланысты, жеке кәсіпкерлікті қолдау, қаржыландыруға қолжетімділікті жақсарту, қажетті инфрақұрылымды қамтамасыз ету, бастамаларды бірлесіп іске асыру үшін әріптестер тартуды қамтитын болады»

(«Бизнес жол картасы – 2020» бағдарламасынан)

басты мәселесі — бұл демалыс орталығына жету жолы. Көлік инфрақұрылымы мәселесі туризм нысаны үшін өте өзекті екені сөзсіз. Алдымен, олар бұл мәселені өз қаржысымен шешуді жоспарлап, жолдың жобалық-сметалық жобасын дайындайды. Геологиялық жұмыстар жүргізеді. Сонымен қатар басқа да құжаттарды дайындауға кіріседі. Өткен жылы бұл мәселе жергілікті билік өкілдерінің араласуымен шешілетін болған.

Айта кетейік, Анар Бектемірованың жеке іспен айналысып жүргеніне 20 жылдың жүзі болған. Оның 7 жылын осы туризм саласына арнап отыр. Нәзік жанды кәсіпкер өзінің тиянақтылығымен, өз ісіне аса кірпияз қарауымен бүгінде осынау ірі саланы аса жауапкершілікпен басқарып келеді. Алдына мақсат қоя білетін Анар Жаксылыққызы Көкшетаудың туризм саласын жоғары деңгейге көтеруді жоспарлайды. Алдағы уақытта ол «Елікті» қысқы демалыс орнын жазда да демалатын орталыққа айналыдығысы келеді.

Бәйкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы

Атырау облысында ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін өнеркәсіптердің қатары арта бастады. Атырау нарығында жергілікті жерде өндірілген экологиялық таза, химиялық қоспасыз ет-сүт өнімдері қазірдің өзінде импортты тауарларды нарықтан ығыстыра бастады. Бұған дейін мұнайлы өңір ретінде ғана аты шығып келген Атырауда Ресеймен шекаралас Құрманғазы, Исатай аудандарында өңдеу өнеркәсібі жақсы дамып келеді.

ЖЕРГІЛІКТІ ӨНІМ ИМПОРТТЫ АЛМАСТЫРУДА



селосын ғана емес, ауданды өз өнімімен қамтуды жоспарлап отыр. «Бастапқы кезде тәулігіне 50 келі өнім шығаратынбыз. Өйткені, нарықты бақылау керек болды. Қазіргі кезде тәулігіне 300 келі өнім шығарамыз. Арнайы

Мәселен, Құрманғазы ауданында ашылған мал сою цехы жұмысын бастаған алғашқы төрт айдың ішінде 50 тоннаға жуық ет дайындалып, тұтынушыларға жеткізген. Осылайша 40 миллион теңгенің қызметін көрсеткен кешен келешекте өндірісті кеңейтпек ниетте. Неге дейсіз ғой? Өйткені, Құрманғазы ауданында құрылған ауыл шаруашылығы кооперативі мен жеке шаруалар малдарын орталықтандырылған цехқа тапсыра бастады. Өнім таза, тауар сертификатталған.

Мал сою цехының басшысы Біржан Кенжебаев «Ауылда іске

тапсырыс берушілер де бар. Кейде тапсырыс көбейіп жатса, тәулігіне 400 келі өнім шығарамыз», — дейді жеке кәсіпкер Зайыпхан Наурызбаева.

Өткен жылы мұнайлы өңірдегі шағын және орта бизнес өкілдері 1 триллион 100 млн теңгенің өнімін өндірді. Оның ішінде ауыл шаруашылығының үлесі 1,5 есеге артқан. Өңдеу өнеркәсіптерінің қатарының артуы ішкі нарықтағы бағаның тұрақтануына жағдай жасайды. Атап айтқанда, көршілес Ресей елінен тасымалданатын макарон, ет-шұжық, сүт өнімдері сынды импорт тауарлардың азаюына оң ықпал етеді. Атырау облысының әкімдігі жергілікті атқарушы органдардың күшімен ауыл бизнесіне шағын несие беру үшін бірқатар бірегей бағдарламаларды іске асыруда.

Мәселен, 2017 жылы «Бизнес — Аймақ» бағдарламасы бойынша жергілікті бюджеттен 350 миллион теңге бөлінді, соның нәтижесінде 67 бизнес жоба іске асырылып, 123 жұмыс орны құрылды. «Алтын Кеме» бағдарламасы бойынша 304 миллион теңге сомасына 13 жоба мақұлданды, 25 жұмыс орны құрылды. Сондай-ақ 2017 жылы Атырау облысында «Бизнесің жол картасы — 2020» бағдарламасы бойынша 1 543,5 млн теңге бөлінді. Жалпы алғанда, 312 жоба қаржыландырылып, 1210 жұмыс орны құрылды.

ЖАҢА ЖОБАЛАР

Биылдан бастап мұнайлы өлкеде бес жаңа жоба іске асырылады. Және ол жобалар «Кәсіпкерлікті қолдау картасына» енгізілгені отыр. Атырау облысы кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының басшысы Айқын Елеусізовтің мәлімдеуінше, жобалардың жалпы құны 2,5 млрд теңгеді құрайды. Жобаның іске қосылуының нәтижесінде Атырау өңірінде жаңадан 107 жұмыс орны ашылады деп күтілуде.

Картаға арналған жобалар қатарында тауарлы бетон өндіретін «New Ascent» ЖШС, бір рет пайдаланатын стакандарды өндіретін «АНТА» ЖШС, полиэтилен пакеттерін өндіру «Plasticcom» ЖШС, темірбетон бұйымдарын өндіру «Атырау бетон 24» ЖШС, пластикалық қалдықтарды өңдеу зауытының құрылысы «Эко Пластик» ЖШС бизнес-жобалары бар.

Ағымдағы жылдың аяғына дейін Атырау облысында жалпы құны 19,5 млрд теңгені құрайтын төрт жобаны іске қосу жоспарланды. Қосымша 254 жұмыс орны ашылады деп күтіліп отырған жобалардың қатарында фармацевтикалық зауыт құрылысы Lumran Caspian Pharmaceuticalс LLP ЖШС, ет бағытындағы құс фабрикасы «MEKEN CHICKEN» ЖШС, диірмен құрылысы «Карат» ЖШС, ыстық мырыштау әдісімен коррозияға қарсы қорғағыш қаптамаларымен қаптау өндірісі «Атырау нефтемаш» ЖШС бар. Сонымен қатар, құны 21,4 млрд теңгені құрайтын, 85 жұмыс орнымен «Казхимпродакшн» ЖШС-нің циклогексан өндіру зауытының құрылысының жобасы. Жобаның 2021 жылы іске қосылды.

«Кәсіпкерлікті қолдау картасы» шеңберінде Атырау облысында құны 71,8 млрд теңге құрайтын 1471 жұмыс орнын ашумен 23 жоба жүзеге асырылуда.

Баян ЖАНҰЗАКОВА,
Атырау облысы

8



www.jasqazaq.kz
E-mail:
jas_qazaq@mail.ru

Инвестиция

Теберікті Түркістан төртқұл төңірекке ерте замандардан танымал-ды. Исі мұсылманның рухани астанасы ретінде де айбыны алыстарға жетті. Енді, міне, Түркістан өзі аттас облыстың бас қаласы ретінде жаңа дәуірін бастады. Бүгінде өңірдің тіршілік қазаны бұрқ-бұрқ қайнап жатыр. Жаңа мәртебеге ие болған шаһарда елеуметтік, мәдени нысандар көптеп салынбақ. Шығыс үлгісіндегі ғимараттар сап түземек. Тұрғын үйлер көбейеді. Сонымен бірге жаңадан бой түзейтін өндіріс орындары қаланың дамуына тың серпін, қызу қарқын береріне дау болмаса керек. Қазірдің өзінде түлеген, түрленген Түркістанда еліміз бойынша теңдесі жоқ жаңа жоба жүзеге асырылып келеді. Бұл түйе және бие сүтін өңдейтін кәсіпорын. Төменде осы кәсіпорынның бүгінгі тыныс-тіршілігі хақында аз-кем тоқталамыз.

Тындап отырсаңыз, жаңа жобаның басталуы өзінше бір тарих. 2015 жылы кәсіпкер Сәкен Арапбаев қытайлық инвесторлармен бірлесіп тамшылатып суару қондырғыларын шығаратын зауыт салуды жоспарлайды. Ол жаңа жобаны жүзеге асыру үшін үш облысты сүзіп шығады. Сәкеннің сәтті қадамы Түркістанға да түседі. Міне, сол кезде түркістандық басшылар инвесторға түйе сүтін өңдейтін жобаны жүзеге асыру жөнінде ұсыныс тастайды. Арада бірнеше келісімшарт түзіледі. Соңында екіжақты келісім бір шешімге тоқайласып, кәсіпкерлер қол алысады.

Golden Camel group ltd компаниясы директорлар кеңесі төрағасының орынбасары Сәкен Арапбаев Қытайдың Хай Лунь Жан провинциясының Дачинь қаласында дүниежүзіне белгілі сүт өңдейтін компания бар екенін білуші еді. Қытайлықтардың тәжірибесі бойынша Түркістанда 1-2 ай маркетингтік жұмыстар жүргізіп, шикізат бағасын зерттеп көрген де жайы бар-ды. Міне, соны айтқанда түйе өсірумен түпкілікті айналысатын



түркістандықтар бөріктерін аспанға атты. Өйткені, сүт бұлағы тасқындап жатқан аймақта зауыт салуға мүмкіндік мол еді. Зерделеу жұмыстары түйе сүтін елімізде өңдеп, сыртқы нарыққа сатса, едәуір көлемде табыс әкелетінін дәлелдеп берді. Қазақстан үкіметінің экспортқа қолдау көрсететіні бар емес пе? Бұл істің ілгерілеуіне кепіл. Сонымен, нартәуекел нар жігітті нарық айдынында жана желкен көтеруіне түрткі болды.



Сәкен түйе сүтінен ұнтақ жасауға болатынын бір кісідей білуші еді. Ұмытпаса, мұны естігелі де арада жиырма жыл жылжып өте шығыпты. Ал, Қарағандыда саумалдан ұнтақ шығаратын кәсіпорын жұмыс істеп тұр. Десек те, ұнтақты әлемдік нарыққа шығару мәселесі бар ғой. Оны сүт күйінде алыстарға апара алмайсыз. Ұнтақтың ұзақ сақталатыны белгілі. Осы күйінде шетелдерге экспортталса, ел экономикасына да елеулі үлес қосылмақ.

Кәсіпкерлер зауытты киелі кент Түркістаннан салуға әбден ойланып барып тоқтады. Өйткені, Түркістан мына жағы Қызылордамен, ана жағы Жамбылмен мидай араласып жатыр. Үш облыстан сүт жинаудың меһнаты азая түсері анық. Статистикаға жүгінсек, үш облыста 84 мың

жаңаланады. Қондырғылар Қытайдың бұрын пайдаланған бұйымдарының бөлшектерінен құрастырылған болмауы тиіс. Бұл жөнінде жаңа қондырғылар жөнінде жоба жетекшілері бірнеше патент те алып үлгерген. Сөтін салса, зауыт толық қуатында жұмыс істегенде бұл еліміздегі сүт өңдейтін алып кәсіпорынның біріне айналмақ. Тәулігіне 100 тонна түйе мен бие сүтін өңдейтін зауытты Қазақстан асып, бар елді іздесеңіз де таппайсыз. Бірегей зауыт елімізге бірталай бедел де әкелері сөзсіз.

Түйе сүтінен жасалған ұнтақ экология жағынан таза әрі сінімді. Оны сиырдың сүтіне қолданатын технологияны пайдаланып, жоғары температурада қыздырмайды. Мұндай жағдайда сүттің барлық пайдалы белоктары мен дәрумендері қасиетін жоғалтады. Демек, жоғары температурада емдік қасиеттерінен ажырамайды.

Жалпы, өткен ғасырдың елуінші жылдары елімізде 1 миллион 200

ай бойы үздіксіз жұмыс істеуге қауқарлы. Бұл үшін әр ауылда дерлік сүт қабылдайтын пункт керек. Сүт таситын көліктер де сақалай сай тұрғаны дұрыс. Осы жұмыстарды біріктіретін арнайы құрылым қажет. Сондықтан аталмыш мәселелерді тиянақты шешетін арнайы жоба жасалынған. Жобаға кететін қаржы көлемі есептелген. Бұл министрліктің тиісті комитетіне ұсынылған. Ендігі кезекте шешім — үкіметте. Сәкендейін кәсіпкермен сырласқанда ол қадау-қадау ойларын ортаға салды. Бірінші кезекте түйеге типтік қора қажет, Бұл орайда кәсіпкер қора жобасын



ғылыми негізде қарастырып, сызбасын дайындап та қойыпты. Әрине, сауылатын інгендердің тұратын жері таза болғаны жөн. Таза жер-таза өнімнің кепілі. Түйе кластерін қалыптастыру бүгінгі күннің

Қазір Қытай қоғамына, олар ұстанған саясатқа деген көзқарас, тіпті басқаша. Екінші бірі қазақ-қытай арасындағы бизнеске күмәнді. Өйткені, қытайдың арзанқол әрі қауіпті тауарлары бізді әбден зәрезап еткен. Қытайдағы қазақтардың қал-ахуалдары да ойландырмай қоймайды. Соған қарамастан, Сәкен екеуара байланыс, қарым-қатынас беки түсетініне сенімді. Жерлес кәсіпкердің пайымдауынша, бір шетел азаматына 9 жергілікті маман келуі керек. Ал, басқарушы 3 шетелдікке 7 жергілікті азамат тең дәрежеде мүдделес болғаны абзал. Осы теңгерімді сақтағанда, ешқандай заң бұзылмайтынына

кәсіпкер сенімді. Шетелдіктер қара жұмысқа оңайлықпен жегілмейді. Келгенде де мемлекетке олар үшін салық төлеуге міндеттісін. Қазір технолог мамандар тапшы екен. Әйтсе де оларды өз аразмыздан табуымыз керек. Табылмай бара жатса, шетелден әкелмегенде не істейсіз? Келген күнде де оларға көмекшіні жергілікті мамандардан қою керек деп есептейді кәсіпкер. Ал шетелдік мықты маман екен, жергілікті тұрғындарды үйретсін, кәсіпке баулысың. «Мен олардың алдына

ҚЫМЫЗ САПЫРЫП, ҚЫМЫРАН ҚҰЙЫП...



түйе бар. Бұл республикадағы жалпы түйе санының 43 процентін құрайды. Демек, Қазақстандағы түйелердің тең жартысына жуығы онтүстік өңірінде жайылып жүр. Ендеше инвесторлар сүт мәселесінен таршылық көрмесі кәміл.

Инвесторлар ірікпеген жоқ. 4,5 гектар жерді 3 жылға жалға алды. Сөйтіп, зауыт құрылысы басталып та кетті. 2016 жылы Golden Camel қазақ-қытай бірлескен компаниясы арнайы тіркеуден өтті. Жобаның жалпы құны 7 миллиард 456 миллион теңгені құрады. Үкімет тарапынан мұндай инвестициялық жобаларға жеңілдіктер қарастырылған. Қазақ-

мың түйе есепке алынған. Бүгінде олардың саны 200 мыңның о жақ, бұ жағында ғана. Сонда 1 миллион түйе қайда кетті? Тоқырау жылдары түйе тұқымы едәуір құрып кеткеніне көзіміз жетеді. Қазір түйе жыл сайын көбейіп келеді. Қазақстанда шөлді, шөлейтті жер, құдайға шүкір, жетіп, артылады. Ал түйе сортаң жерді сүйеді. Сәкеннің пайымдауынша, соңғы жылдары түйеге деген көзқарас өзгергендіктен, бұл мал тұқымы ойдағыдай өнім көбейтпеген. Кеңес үкіметі тұсында да түйе суранысқа көп ие бола алмады. Оны тек шипалы сүті мен жылы да жұмсақ жүні үшін қазақтар көптеп өсірді. Кеңес үкіметі тұсында шаруалар талпақ танау өсіруге бейімделді. «Шұжыққа қосуға өте қажет» делініп, шошекеннің етін ұлғайтуды көздеген кеңестіктер мұсылман халқының адал малына арамдық танытты. Қазір де түйе малы жеке шаруаларда болмаса жаппай өсіріліп отырған жоқ. Шаруашылығын дөңгелетіп алғандар болмаса, түйе өсірушілердің көбісі оның сүтін, жүнін, терісін өтпезі алмай қиналып жүргенін көз көріп жүр. Сәкенмен сырласқанда алдыңызға осындай өткір мәселені де көлденен қояды.

Инвесторлар жоғарыдағы жағдаяттардың шешімін табу үшін өздерінше түрлі әрекеттер жасап бағыпты. Соның ішінде ауыл шаруашылығы министрлігінің арнайы бағдарламасына жобаларын енгізгені неге тұрады. Мұнан кейін инвестициялар және даму министрлігінің тиісті комитетімен келісімшартқа отырады. Ең алдымен, түйе шаруашылығын дамыту, осы мақсатқа қаржы бөліру міндеті тұрды. Бұл мәселенің түйіні тарқатылды. Қазір зауыт жылы он екі

басты міндеттерінің бірі. Қазір оның сүті өңделуде. Ал, ертең түйенің еті мен терісін, жүнін өңдеу міндеті тұр. Әр өнімді де экспорттауға бағыттау керек. Қай өнімді де шетелдерге шырғасыз шығаруға даңғыл жол ашқанда ғана табыс еселене түспек.



Шетелдіктер қазақстандық өнімнің сапасына көңілі толғанда ғана сураныс артады. Бүгінде Сәкеннің басты мақсаты — осы. Ол Түркістан топырағының құнарлығы мен шаруа баққан мамандардың көптігіне көп сенім артады.

Қымыран мен шұбат қай кезде де емдік тағам үшін пайдаланылған. Бұған ертедегі Әкім Лұқпан дүниеден өтерде жылап келген адамдарға «мен қайтсам, түйе бар ғой» деген сөзі де дәлел. Қазір осыны білетін шетелдіктер де түйе сүтіне құнығып алған. Одан балалар тағамын жасайды. Сәкен Арапбаев басқаратын кәсіпорын да болашақта түйе сүтінен ағзаға ешқандай зиян келтірмейтін энергетикалық сусындар, түрлі жастағы адамдарға арналған бал қосылған дәрумендер шығаруды ойластырып отыр.

осындай міндеттер қоямын», — дейді С.Арапбаев бізге.

Дәл қазір зауытта өндірістік желілерді іске қосу жұмыстары жеделдете жүргізілуде. Осы айдың ішінде-ақ кәсіпорын құрылысы толық аяқталып, өнім өндіруге



кірісіп те кетпек. Әзірге зауыт жұмысшылары жүз қаралы болады деп күтілуде. Компания қазірдің өзінде Гонконгтан сауда бөлімін ашып үлгерген. Бөлім Қытайға экспортталатын түйе сүті өнімдерінің сатылымын бақылайды. Тап осындай бөлім Дубайдан да ашылмақ. Әлеуметтік маңызы зор жоба жана облыс орталығына үлкен табыс әкелері сөзсіз. Біріншіден, көптеген жұмыс орны ашылады. Талай отбасы алансыз құмыр кешеді. Екіншіден, адамдар жана кәсіпке бейімделеді. Инвестиция тарту, экономиканы нығайту бұл — түптеп келгенде, басты мақсатымыз. Міне, осы мұратқа жету жолында жана арна тартылды. Ендеше, іске сәт!

Сабырбек ОЛЖАБАЙ,
Түркістан облысы

Түркістан облысында өндірістік кәсіпорын ашып, ел экономикасының дамуына үлес қосып отырған кәсіпкерлер жетерлік. Қазір ауыл шаруашылығы саласында мал өсірумен, ет өнімдерімен айналысатын азаматтардың аты озып тұр. Солардың бірі – Түркістан облысының дамуына үлес қосып отырған «Қайып ата» ЖШС ет өнімдері орталығы.

«Қайып ата» ЖШС директоры Сырым Ертаев Түркістан облысының Қазығұрт ауданында дүниеге келген. Соңғы жылдары киелі Қазығұрт тауының баурайын малға толтырып отыр. Қазір оның шаруашылығында мал бордақылайтын кешен, жем-шөп әзірлейтін арнайы бригада бар. Сырым Махамбетұлы кейінірек Сайрам ауданының Кайнарбұлақ ауыл округінен мал сою бекетін және ет өнімін тереңдетіп өңдейтін цех ашты.

Бүгінде күніне 30 тонна өнім өндіретін цех жұмыс істеп тұр. Мұнда 28 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Ең алдымен олар сапаға көңіл аударады. Сапа бар жерде табыс та мол. Қазіргі

емес пе? Оларды бостан-босқа лақтырып тастай салмаймыз. Шетелде малдың қара тұяғына дейін кәдеге асады. Біз де болашақта қалдықсыз технология талабына сай еңбек етеміз. Сонда табысымыз бүгінгіден де еселене түседі», — деді.

Қазақстан — кең байтақ өлке. Оның қай түкпірінде болсын, мал өсіруге болады. Ендеше, жастар жағы жалқаулыққа салынбай, ата кәсіпке бет бұрғаны абзал. Кәсіпке деген сүйіспеншілік барлық қиындықты жеңеді. Мал шаруашылығы көзін таба білсе, табысты сала. Мал өнімін тереңдете өңдеуді жетік меңгергеніміз өзімізге пайдалы. Мал өнімдері сапалы болуы үшін жем-шөп сапалы болуы керек. Бұл жағына да тиісті көңіл бөлгеніміз жөн. Әрине, жем-шөп, жайылым мәселесі оңай шарауа емес. Сондықтан бұл салаға да білікті маман ауадай қажет.

Сырымның айтуынша, көршілес облыстардан, аудандардан мал шаруашылығы бағытында кәсіпкерлікті меңгеруге қызығушылық танытқандар көп. Егер олар ықылас танытып жатса, оқып-үйренуге барлық жағдай жасалмақ. Оқыту тегін жүргізіледі. Кәсіпкер өз шаруашылығын осылай дөңгелетумен бірге кәсіпкерлік мектебін де қалыптастырмақ. Осы орайда, Ертаев отандық өнімді әлемге танытуды мақсат етіп отыр.


ЕТ ЭКСПОРТТАЙТЫН СЕРІКТЕСТІК

заманда адам жаналықтарға ұмтылып отыруы қажет. Осы қағидатты басты мұрат санаған серіктестік ұжымы мал сою пунктін ашарда шетел аралап, осы саладағы озық технологиялармен танысты. Өздері өндірген өнімді шетелге экспортқа шығаруды мақсат етті. Жиған-терген тәжірибе бар, үйренген, көңілге түйген білім бар, соларды ортаға салып, сараптай келіп, ол өз цехын іске қосты. Тынымсыз тірлік, үзбей іздену өз жемісін берді.

Олардың өндірген өнімі шетелге сатыла бастады. Әуелі Ираннан сұраныс түсті. Олар қойды алудан бұрын, осында келіп, малдың бағым-күтімін көрді. Содан кейін сұраныс көбейді. Бірінші кезекте 10 мың қойды қалап алды. Күніне 2-3 мың қой Иранға жөнелтіліп тұрды. Ирандықтардың қиырдағы қазақ жеріне тегін келмейтінін сезген Қытай мен Ресейдің кәсіпкерлері де Қазығұрт тауын жағалады. Сырымды тапты. Олар жарылғалы тұрған семіз малды алмайды екен. Қойдың салмағы 10 немесе 20 келіден аспауы тиіс. Ал серіктестік ет сапасына жігі мән береді. Қойдың семіз болғанын қалайды. Сұранысқа орай, серіктестік ұжымы малды азықтандыру жағын зерттеп, зерделеді. Сұранысқа сай қой жіберуге бейімделді.

Дәл қазір «Қайып ата» ЖШС ет өнімдері экспорты көлемін ұлғайта түсуді көздеп отыр. Енді оның өніміне Солтүстік Корея, Жапония мемлекеттері «құда түсіп» отыр. Одан беріде өз ішімізде де серіктестік өніміне сұраныс көбеймесе, азаймаған. Қазығұрттың баурайындағы мал бордақылау бекетінде 5000 ірі қара бар. Оның бағым-күтімімен ауылдастары айналысады. Тұрақты жұмыс табылғаны үшін ауыл жастары дән разы. Дегенмен, серіктестікке білікті техноло керек-ақ. Сырым жастармен кездескенде «Технолог мамандығын меңгеріндер» дегенді жиі айтады. Себебі ауылға қажетті мамандар соңғы кездері тапшы. Ол талапты жастарды өз кәсіпорнына көптеп тартқысы келеді. Шарауаға бейім жастарды Еуропаға оқуға жіберуге дайын. Әрине, оқу қаржысын өзі көтермек. Жас кәсіпкер мал шаруашылығына мал дәрігер, зоотехник сияқты мамандардың жетіспей жатқандығын алға тартты. Біздің еліміздегі мал өнімдері Араб Әмірліктерінде жоғары бағаланады екен. Олай болатыны, жеріміз шуақты, шөбіміз құнарлы, табиғатымыз, климатымыз мал өсіруге қолайлы.

«Қайып ата» ЖШС директоры Сырым Ертаевты Қазығұрттағы ет цехында жолықтырдық. Жас кәсіпкер «Қазір бізден Өзбекстан да ет өнімдерін ала бастады. Иранға 300 тонна ет жөнелттік. Өзбекстан 2000 тоннаға жуық ет сатып алды» — деп бастады әңгімесін. Цехты аралатып жүріп әңгімесін жалғаған ол «Біздің арнайы цехтарда шұжық, тұзды-ысталған өнім мен консервілер шығарылады. Шұжықтың пісірілген және шала пісірілген, шикі немесе кептірілген түрлері бар. Тұздалған-ысталған



өнімге пісіріліп, тұздалған (*пісірілген сан еттер мен ормалар*), ысталған-тұздалған түріне (*сан еттер, төс, мойын еттер*) пісірілген өнімдер жатады. Ет консервілеріне қалбырға салынып, бекітілген, өте жоғары температурда залалсыздандырылған дайын өнімдер жатады. Біз оларды тапсырысқа сай кезең-кезеңімен дайындаймыз. Қазір тәулігіне 10 тоннадай дайын ет өнімін шығаратын осы цехымыз жұмыс істеп тұр. Шетелдіктер көбінесе ет өнімін шикідей алғысы келеді. Олар қабырға, бауыр, үлпершек, ашы ішек, өкпе, жүректі қалайды. Ал болашақта қой және сиыр терісін тереңдете, өңдейтін цех ашу жоспарымызда бар. Бұдан тыс, жүнді жуып, иіріп, барынша өңдеуден өткізіп, сұраған жерге өткізбекпіз. Теріден түрлі пасадағы былғары жасап, ат әбзелін, аяқ киім жасайтын шағын фабрика ашсақ па деген ойымыз бар. Сойылған қой мен сиыр терісі дайын шикізат көзі

Еңбеккерлық пен ізденімпаздықты бойына сіңірген, осы қабілеті арқасында «Қазақстандағы 100 жаңа есімге» енген Сырым Ертаев бүгінгі табысты місе тұппақ емес. Ол кәсібінің ауқымын кеңейтіп, туған жерге терін сіңіре беруді ойлайды. Елін сүйген, туған жерге деген махаббатын паш еткен жан ғана биіктерді бағындырады.

Осы тұрғыда туған жерінің дамуына сүбелі үлес қосып келе жатқан Сырым шағын және орта бизнестің өркендеуімен қатар, ауыл жастарының жұмыспен қамтылуына да септігін тигізіп келеді. Ел дамуына дамылсыз үлес қосып отырған мұндай атпал азаматтар қай кезде де бағалауға лайықты.

Сырым өз тәжірибесімен былай деп бөлісті:

— Мектеп қабырғасында жүргенде-ақ мен қаржы көздерін қалай табу керек деген сауалға жауап іздеп, өзімше әрекеттенетіндім, — деп бастады әңгімесін. — Сыныптас достарымен бірігіп, алғашқында интернет-клуб аштық. Онда бірнеше компьютер болды. Ауыл балалары алғаш рет компьютер дегеннің қандай болатынын көрді, меңгерді. Кейін балалардың барлығы түрлі ойын ойнайтын болды.

Институтты бітіріп келген соң өз кәсібімді ашқым келді. Бұған жастайымнан қолымда бар қаражатпен кез келген істің көзін тауып, одан табыс табуды үйренуім да себеп болған шығар. Сонымен, тағы да сыныптастарымды жинап, сыры беймәлім жұмысқа жегіліп кете бардық. Әуелі аудан орталығындағы мейрамханаларға, асханаларға, ауыл тұрғындарына мал бордақылап, өткізіп жүрдік. Ауылда өстік. Мал шаруашылығымен әке-шешеміз, одан бұрынғы аталарымыз айналысты. Жалпы, қазақ қазақ болғалы, өмірін малмен егіз өрбітіп келеді емес пе? Сондықтан мал шаруашылығын дамытып, қоғам арасында оны кеңінен насихаттауды жөн санадым. Қазіргі айналысып жүрген кәсібіме мен осылай келдім. Түптеп келгенде, мен ата-бабалар кәсібін жана қырынан дамытушы ғанамын. Қораның өзін алғашқында өз жобамыз бойынша жасалдық. Қораға күн көзі молырақ түсуін көздедік. Өйткені күннің көзін, жердің нәрін алған малдың еті құнарлы да дәмді болады. Кейіннен біздің қорамызды көруге келген шетелдіктер қайран қалысты. «Қораны осылай да жасауға болады екен-ау» деп бас шайқасты, танырқады. Бұл бір өте күрделі құрылыс жүйесі емес-ті. Бар болғаны қораның күн жолы жағы шыныланған болатын.

Адам арманшыл болуы керек. Армандамаған адамның нақты

ұстанымы, ертенгі күнге жоспары, үміті болмайды. Армандаған соң мақсат та, жоспар да құрылады. Осы арқылы көздеген мақсатына жете аласын. Ең бастысы бастаған істі бүгін бітіру керек. Ертенге қалдыру — еріншектің ісі. Оның жұмысының да берекесі болмайды, — деді.

Міне, кәсібін дөңгелетіп, ел экономикасына үлес қосып отырған азаматтың, арман арқалаған жастың сөзі. Кездесуде жастардың бизнеске деген әуесқойлығы көптеп оянғанын сезіндік. Олар бизнесті ашу мен бренд қалыптастыруға қалай қол жеткізу керектігі жөнінде де кеңінен сұрақтар қойып жатты. Осы кездесуде жас кәсіпкер кәсіп ашуға ынтасы барларға тегін шеберлік класын ұйымдастырып беруге уәде берген. Ал жастар қауымы пайдалы кеңес айтып, тәжірибесімен бөліскен Сырым Ертаевқа алғыс айтты.

Түркістан облысындағы Арыс қаласы орналасқан аймақтың топырағы негізінен сортаң, тұзды өрі көшпелі құмды болып келеді. Мұнда мал шаруашылығы жақсы өркендеді. Қала ішінен шартарапқа бағыт алып теміржол өтеді. Ол патшалық заманнан бері бар. Осында шпал зауыты, депо, теміржол вагондарын жуу кәсіпорындары жұмыс істейді. Кезінде осы теміржол бойыннан жергілікті тұрғындар нәпақасын табатын. Екі мыңға жуық адам еңбек өткен үлкен кәсіпорын беріде тоқырауға ұшырағанда тұрғындар күнкөріс қамын басқа саладан іздей бастады.

Қол қусырып отыра беретін заман емес. Бала-шаға қамы үшін адамдар қандай шарауа болса да дайын еді. Бұдан бөлек, заман ырғағына сай жана кәсіп менгеру қажеттігі туы. Жаңашылдықты тез меңгерген адам өмір көшінен қалмайды. Тамағы да тоқ болады. Мұны тұрғындар әу баста-ақ жақсы түсінді. Қолдарына күміс кетпен ұстап, ай жүзіне шағылыстыра құлаштап жер өңдеп жүргендерді сол тұста көбірек көрдік. Иә, жана заман жана серпіліс алып келді. Адамдар нарық заңына бейімделді. Қолы қимылдағанның ауызы қимылдайтынын жақсы түсінді. Кәсіпорынды, өндірісті Арыстан шаруа адамдары көптеп шыға бастады.

Шын мәнінде әлемдегі дамыған

АРЫСТАН ҚҰЙЫЛҒАН АҒЫС

елдердің ауыл шаруашылығында бүгінде үлкен өзгерістер болып жатыр. Мұндай оң өзгерістер кешегі ауыл шаруашылығын механикаландыру кезінде болған емес. Шаруаны ілгерілетудің өзі түптеп келгенде, әлемдегі озық технологияларды толық меңгеруде екен ғой. Мұны саладағы өзгерістерді жана

жан екен. Біздің зауыт тыныс-тіршілігімен танысқалы келгенімізді білісімен алға түсіп, мұндағы еңбек ырғағымен таныстыра бастады. Үстімізге ақ желең халат киіп, зауыт ішін аралап көрдік. Әркім өз жұмысымен айналысып жүр. Цех ішіндегілер бірінғай ақ халат киген.

Кәсіпорында 50-ге жуық адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Маусым кезінде мұнда 200-дей адам жұмыс істейді. Тәулігіне 600 тонна қызанақ өңделеді. 2017 жылы 27 222 тонна қызанақтан 3370 тонна томат концентраты өндірілген. Сондай-ақ былтыр 607,9 миллион теңгеге жеке инвестиция тартылып, томат концентратын шыны ыдыстарға құятын цех іске қосылыпты. Бұдан бөлек, жанбырлатып суару тәсілімен жұмыс істейтін заманауи техникамен жабдықталған. Арыстың суы дәл іргеден өтіп жатқанымен, су үнемдеу — бүгінгі күннің басты талаптарының бірі. Биыл фирма егіншілері 290 гектар қызанақты, 170 гектар бауды, 95 гектар

айтуынша, қалада 2018 жылдың 7 айында негізгі капиталға тартылған жалпы инвестиция көлемі 4159,2 миллион теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 196,4 пайызды құрапты. Дермене ауылдық округінің Саналы елді мекенінде «Желмая» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі түйе сүтін өндірумен айналысады. Кооператив бүгінде тәулігіне 1 тонна қымыранды пластикалық ыдысқа құю цехын іске қосыпты. Жоба құны — 40 млн теңге. Қазір мұнда 15 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Желмая жетелеген жұрттың қарны тоқ, көйлегі көк.

Иә, бүгінгі малшы кешегінің малшысы емес. Ол мал қайыруды ғана меңгеріп ғана қоймай, өндірген өнімін өзі өңдеп, нарыққа шығарады. Ерулан Әжібеков бүгінде нағыз менеджерге айналған. Ол



пиязды, 359,1 гектар жоңышканы тамшылатып суару арқылы нәрлендірген. Ал шаруашылықта 383 гектар қызанақ, 170 гектар бау, 256,5 гектар жоңышқа, 50 гектар пияз бар.

Ерулан Табандыұлы биыл тағы да қосымша техника алғанын баяндап өтті. «КамАЗ» жүк көлігін, тіркемесімен трактор



технологиялардың қарыштап дамуы нәтижесінде пайда болып, эволюциялық жолмен жүзеге аса бастаған революциялық өзгерістер деп айтуға болады. Ауыл шаруашылығы дамыған сайын бұл салаға деген бұрынғы керітартпа көзқарас өзгере бастады. Кетпен арқалағанның келешегі кемелді екенін жақсы түсінетіндер көбейген. Бағамдай білсек, қара жер қарыз арқаламайды. Жер емгеннің қарны тоқ.

Міне, осыны жақсы түсінгендердің бірі — Арыс қаласына қарасты Ақдала ауылының тұрғыны Ерулан Әжібеков еді. Ол 2008 жылдан бастап егін шаруашылығымен түбегейлі айналыса бастады. Ал осыдан үш-төрт жыл бұрын шаруашылығын кеңейтіп, жана құрылымға бейімделе бастағанда оның томат пастасын шығару және жеміс өңдеу зауытына Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі келіп, ісіне сәттілік тіледі. Оның зауыты бір күнде пайда бола салған жоқ. Томат пастасын шығаратын зауыттың барлық құрылғысын шетелден әкелуге тура келді. Бұл тыннан түрен салғанмен бірдей еді. Өйткені бұрын-соңды қолмен ұстап, көзбен көрмеген зауытты жүргізетін мамандар тапшы. Бірақ қалай дегенде де ілгерілеу керек болды.

Бізді «Агрофирма «Жаңа Ақдала» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Арыс қаласы әкімінің орынбасары Сапарбай Дәрібаев бастап барды. Серіктестік басшысы Ерулан Табандыұлы жылы жүзді

сатып алған. Олардың барлығы бүгінде тоқтаусыз жұмыс істеп жатыр. Бау-бақша өнімдері тиелген жүк көліктері әрі-бері зуылдап өтеді. Молшылық шіркін мейір қандырады.

«Агрофирма «Жаңа Ақдала» ЖШС өнімдеріне шетелдіктерден тапсырыс көп. Мәселен, былтыр ресейліктер 40 тонна томат концентратын сатып алыпты.



Биыл тағы да осынша сатып алуға тапсырыс берген. Бұдан тыс Қырғызстан, Тәжікстан, Түркия кәсіпорындары да Арыс өніміне қызығушылық танытқан.

Зауыт 2017 жылы жергілікті бюджетке 17,1 миллион теңге құйыпты. Ал 2018 жылдың 6 айында 10,7 миллион теңге салық төлеген. Демек бұл кәсіпорын жергілікті бюджеттің молаюына қомақты үлес қосып келеді.

Біз осы сапарда Арыс қалалық кәсіпкерлік бөлімінде де болдық. Кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Қуаныш Шойнаховтың

қызанақтың, алманың, алшаның, өріктің қай жерде өтімді екенін жақсы біледі. Соған сай алдын ала жоспар жасап, әрекет етеді. Болжам, жоспарлау, іздену — түптеп келгенде табыс көзі. Осыны жақсы білетін арыстықтар аласты көзбен шолады. Олардың ертені жемісті, келешегі келісті.

Қуаныш бізге қала экономикасының ілгерілеу бағыты туралы мәліметті көрсетті. 2017 жылы өнеркәсіп өнімдерінің көлемі 8781,7 млн теңгені (*2016 жылы 7402,6 млн теңге*) құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 1379,1 млн теңгеге артқан. 2018 жылдың 7 айында өнеркәсіп өнімдерінің көлемі 2856,4 миллион теңгені құрап, (*2017 жылы 2502,6 миллион теңге*) өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 353,8 миллион теңгеге артқан. Бұл жоспардың 104,5 пайызға артқанын көрсетеді.

Қазір Арыс қаласында 12 кәсіпорын жұмыс істейді. Қала бойынша 2018 жылдың 7 айында 3570 шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері тіркелген.

Қақтың кен де сайын даласы, егіншілік алқаптары құт ордасы. Демек, ауыл шаруашылығы ата кәсіп қана емес, молшылық көзін жасайтын үлкен сала ретінде тіршілігіміздің бір бөлшегі болып қала береді. Қазір қай

салада болсын, революциялық бағыттағы өзгеріс басталып, әлем жұртшылығы кеңінен пайдаланатын жаңа технология мен құрал-жабдық көбейген сайын ауыл шаруашылығына да мүлдем жаңаша көзқараспен қарау керектігі туындап отыр. Мұны Арыстағы шаруалар да мықтап түсінген.

Бүгінгі Арыстан осындай мол ағыс құйылады.

Бетгі дайындаған
Сабырбек ОЛЖАБАЙ,
Түркістан облысы



Ұлттық өнердің қай саласын алсақ та, өзіндік бояуы, өзіндік дамуы арқылы халықтың жадында сақталып, ел арасында өзіне тиесілі мәдени-рухани қызметін атқарып келеді. Сол арқылы да ұлтымыздың өзіндік болмысын сақтаушы құндылық ретінде бағасы жоғары. Қазақ халқының терең тамырлы балуандық өнері де ұлттық құндылықтың қайталанбас бір түрі. Қазіргі сөз - осы ұлттық балуандық өнеріміздің жай-жапсары туралы ойымды ортаға салу. Дәлірек айтсам, қазақ күресінің сырт көзге байқала бермейтін ішкі мазмұны, ережесінің қалыптасуы, әдіс-айланың бағалануы, қазақ күресіне деген қызығушылықты тудыратын оның тартымдылығы мен халыққа берер пайдасы.

ҚАЗАҚ КҮРЕСІНІҢ КӨСЕГЕСІН КӨГЕРТУ – БӘРІМІЗДІҢ МІНДЕТІМІЗ

Бірден айтарым, күрестің тартымдылығы төмен болса, ондай күрес ешқашан дамымақ емес! Сондықтан қазіргі заманда барлық спорттық күрестер әсерлі, тартымды, қызықты болуына басты көңіл бөледі. Ол олимпиадалық күрес түрлеріне де тиесілі.

Балуандық өнерді бүкіл казакстандықтар ұлттық құндылық ретінде таниды және ұлттық күресіміздің басқа мәдени құндылықтарымыз сияқты «мың өліп, мың тірілген» жағдайлары болғандығын да жақсы біледі. Кеңес үкіметі кезінде «түрі ұлттық, мазмұны социалистік болсын» деген ұранмен казак күресі ережесіне көптеген өзгерістер енгізілді. Соның салдарынан күрестің ішкі мазмұны өзгеріп, оның басты тартымдылығы жоғалды.

Қазақ күресі — бекзат күрес, тартымды, қызықты, әділетті. Сондықтан оның осы құндылықтарын жетілдіріп, сақтауымыз қажет.

Қазіргі уақытта еліміздегі ұлттық казак күресінің негізгі даму барысын реттеуші, жүргізуші республикалық Казак күресі федерациясы болып табылады. Осы федерацияның жұмысы арқылы, казак күресінің ұлттық болмысы сақталады, елге таратылады, жетіледі. Ал мемлекет тарапынан бақылаушы колдаушы —мәдениет және спорт министрлігі. Осыған қосымша елімізде казак күресі бойынша Халыкаралык казак күресі федерациясы (*президенті Қанат Бозымбаев*), Дүниежүзілік казак күресі федерациясы (*президенті Ислам Әбішев*), оған қосымша облыстық, аудандық, қалалық федерациялар мен клубтар жұмыс істейді.

Республикалық Казак күресі федерациясын 2013 жылдан бастап Арман Шораев мырза басқарып келеді. Оның казак күресін қайтсем жанаша дамытамын деген максатпен атқарған жұмыстары казак күресінің дамуына жана леп әкелді. Федерация тарапынан казак күресіне арнап өткізген бірнеше ғылыми–практикалық конференциялар, семинарлар, төрешілер мен жаттықтырушыларға арналып өткізілген ғылыми–әдістемелік білім көтеру курстары, әдістемелік құралдары, журналдар, интернет жүйесіндегі сайттарды ашу, казак күресі туралы жедел ақпараттар берумен қатар, қордаланған көптеген сұрақтардың шешімін іздеуге жол ашты. Конференциялар мен семинарларға, білім көтеру курстарына еліміздегі және шетелдердегі мамандар шақырылып, ардагер балуандар өз тәжірибелерін ортаға салуға мүмкіндік алды.

Қазақ күресінен жыл сайын мақсатты түрде өткізілетін республика чемпионаты, кубогы, түрлі дәрежедегі турнирлермен қоса, ұлттық күрес саласында алғаш рет Президент Нұрсұлтан Назарбаев жүлдесіне арналған «Қазақстан барысы», «Еуразия барысы», «Әлем барысы», «Жас барыс», «Халық барысы» сияқты жана жобалар өмірге келді. Осы жобалар аясында ауыл–ауылдардан бастап, барлық облыстарда жыл сайын казак күресінен бұқаралық сипат алған жарыстар өткізілді, балуандық өнерге деген ықылас көтерілді, рухани ұлттық мұрамызға деген елдің жанашырлығы артты, казак күресінің үлкен төрбиелік мүмкіндігі бар екендігіне халықтың көзі жетті, жас талантты балуандар өсіп–жетілді. Казак күресі шетелде танымал спорт түріне айнала бастады. Осы жұмыстар казак күресінің қарқынды дамуына ықпал етті деп ойлаймын. Сондықтан республикалық Казак күресі федерациясының ел алдындағы өз міндетін жауапты атқарды деуге негіз бар. Ал федерацияның колдары жетпей, орындай алмай жатқан жақтарына алда тоқтамалыпын.

Қазақ күресінің дамуына оның ережесінің жақсы қалыптасуы әсер етеді. Оқырманға арнап казак күресі ережесінің қанша рет және қалай өзгергеніне қысқаша шолу жасаған жөн деп отырмаын. Өйткені көрермендер арасында ережедегі өзгерістерді білмеуі себепті қате пікірлерге жол беру, негізсіз дәлелдер келтіру жағдайлары орын алып жатады.

Қазақ халқында балуандар ХХ ғасырдың бас кезіне дейін қалай күресті қандай күрес түрлері болды деген сұраққа келсек, оған: кеуде жалаңаш, жалаңаяқ белдік кийлеу немесе белдіксіз күресу; кеудеге киім киіп (шапан т.б.) белдік буынып, аяқкиіммен (етік, мәсі т.б.) күресу; кеуде киімінің бір женін шешіп күресу; кеуде жалаңаш аяқкиіммен белдік буынып немесе белдіксіз күресу; күресті белдіктен ұстап бастау, күресті белдіктен ұстамай еркін бастау болғанын айту керек. Балуандар

«Күш атасын танымас» деген тәртіппен бір–бірімен қазіргідей салмақ және жас ерекшеліктеріне бөлінбей күресті.

Балуандар күресі «жықты», «жығылды» немесе «тең түсті — итжығыс болды» деп бағаланды. Балuanдардың өзара келісімімен немесе күресті ұйымдастырушылардың шешімімен «ер кезегі үшке дейін», «жол беру» тәртіптері де колданылып отырды. «Ер кезегі үшке дейін» тәртібі жығылып қалған балуанның «мен қапыда жығылдым, қайта күресемін» деген сұрауы бойынша және жыққан балуанның келісімі болған жағдайда іске асырылып отырды. Күресу барысында әдіс-айлалардың шапшаң, дұрыс және таза орындалуы бағаланды. Балуанның сыылбыр күресуі, әлсіздігі, күрес шартын бұзуы көрермендердің наразылығына, айғай-шуға ұласып отырды. Күресу барысында «Жол беру» тәртібі да орын алды. Ол — бір балуанның күрестен бас тартуы. Күресу қарсыласының жауырынын жерге тигізгенге дейін жалғасты. Кейде қарсылас балуанның денесінің бір жері немесе тізесі жерге тиіп кетуі де күрес тағдырын шешіп отырды. Казак халқының ауызыша және жазбаша деректерінде балуандардың күрестері туралы деректер көптеп сақталған. Балуандардың күресу уақыты шектеусіз еді және күресуге бірнеше жұпты бірден алаңға шығаратын немесе екі-екіден күрестіретін. Зерттеу нәтижесі казак халқы балуандарға арнап арнайы

күрес киімін тікпегендігін көрсетті. Балуандар күнделікті киімдерімен күш сынасты. Ал кеңес одағы кезінде казак күресіне самбо және дзюдо киімдері колданылды.

Қазақ күресі балуандарына негізделген арнайы киім ғылыми негізделіп, тәжірибе-сынақтарынан өткен соң 1996 жылы бекітілді, патент алынды. Киім үлгісіне казак батырларының «Торауыт» сауыты негіз етіп алынды. Казак күресінде жерде жатып күресу жоқ екендігі ескеріліп, қысқа жең киім, күрес ерекшелігіне тиімді болатындығы анықталды. Қазір казак күресі осы киім үлгісі арқылы бірден танылатын дәрежеге жетті.

Ұлттық казак күресінің тарихи қалыптасқан күресу ережесіне 1928 жылдан бастап өзгерістер енгізіле бастады. Онда балуандар салмағы үш топқа бөлінді: жеңіл салмақ 65 келіге дейін, орта салмақ — 76 келіге дейін және ауыр салмақ — 76 келі. Күресу уақыты шектелді, төрешілер ысқырықты колдана бастады. Ары қарай күрес ережелеріне 1940 жылы, 1949 жылы, 1952 жылы, 1973 жылы, 1980 жылы, 1995 жылы, 2000 жылы, 2002 жылдары өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Қазақ күресі ережесіне енген балуандарды салмақ, жас ерекшеліктеріне бөлу, күресу уақытын шектеу сияқты пайдалы жақтарының болғандығымен қатар, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық күрестің өзіндік ерекшеліктері мен күресу мазмұны өзгерістерге ұшырады. Осы жағдайлар халық арасында балуанды құрметтеу, оған еліктеу, сыйлау сияқты төрбиелік мәнінің төмендеуіне себепші болды, ұлттық күрестің халық арасында дамуы тежелді. Казак күресі ережесіне ХХ ғасырдың 70 жыл аралығында 9 рет өзгеріс енгізілді.

2002 жылғы ережеде балуандар 7 салмаққа бөлінді. Осы ережелен бастап күрес әдіс-айласын бағалау, ұпай сандық түрінен және ысқырықты колданудан өзгеріп «бүк», «жамбас», «жартылай женіс», «женіс», «таза женіс», «ескерту», «қоян–қолтық күресу», «тоқта», «баста» деген сөздермен өзгертілді. Күресуді сөз арқылы бағалаудың тиімді жақтары болды, сонымен қатар казак күресі ережесі жапондардың дзюдо күресіне ұқсауы басым болды. Ережені өзгертпес бұрын

ҰСЫНЫСТАР:

Қазақ күресі жарыс ережесін жазуда оған қажет негізгі ұстаным қағидаларын, мақсат, міндеттерін айқындаудан бастаған жөн.

Негізгі қағидаларына :

- Ереже күрестің ұлттық дәстүрлі ерекшеліктерін көрсете білуі;
 - Күрес ережесінің түсінікті болуы және көрермендерге жағымды эстетикалық талғам туғыза білуі;
 - Балуанның спорттық даярлығы мен шеберлігіне жоғары талап қоя білуі.
- Күрес ережесін қалыптастырудағы негізгі басты ұстанымдар:
- ережеде адам денсаулығына зиян келтіретін әрекеттерді болмауы;
 - ережеде рұқсат етілген күрес әдістерін жоғары шеберлікпен орындауға басымдылық берілуі;
 - ереженің балуандарға күресу уақытының соңына дейін барлық-күш жігерлерін пайдаланып күресуіне мүмкіндік беруі.

Күрес ережесі мақсаттарына:


- Күрестің әсерлі, қызықты болуын арттыру;
- Әдіс-тәсілдерді жетілдіру;
- Балуанның дене-күш қабілеттерін жетілдіру;
- Ұлттық салт-дәстүрді сақтау;
- Әдіс-тәсілдерді бағалауда әділдікті қамтамасыз ету;
- Балуандық күрес арқылы қаражат көзін табу, кәсіптік бағытта қолдану;
- Қазақ күресін халық денсаулығын шынықтыру, салауатты өмір сүруді насихаттау бағытында қолдану;
- Қазақ күресін әскери, кәсіптік-қолданбалы жекпе-жек түрі ретінде өмірде қолдану мақсатында болуы.

алдымен оны тәжірибелік сынақтан өткізіп, ғылыми негіздеген тиімді болар еді. Бірақ ереже талқылаудан өтпей республикалық федерация тарапынан 2002 жылы бірден колданысқа енгізілді. Қазіргі жарыстар барысында орындалған әдіс-айланы дұрыс бағаламау, балуандардың сыылбыр күресуі сияқты көріністердің орын алуын, ережеге әдіс-айланы бағалаудың қазіргі көпсатылық жүйесінің енгізілуі деп білемін.

Қазақ күресінің алдағы уақытта ойлағдай дамуы үшін күрестің ұлттық ерекшелігін ашып көрсететін, көрерменді жоғары талғамға жетелейтін, балуаннан жақсы спорттық шеберлікті талап ете алатын, белдесудің әділ өтуіне жол ашатын, ережесін қалыптастыру қазіргі кездегі алдымен қолға алатын маңызды өзекті жұмыс деп санаймын.

Осы міндетті іске асыруды алдымен республикалық Казак күресі федерациясының президенті Арман Шораев мырзаның міндеті деп білемін. Қазіргі колданыстағы 2002 жылы шыққан күрес ережесінің көптеген баптары өзгеріске ұшырады, соның салдарынан ережені жарыстарда әртүрлі түсініп колдану жиілеп кетті, тіпті ережені табу мүмкін де болмай қалды. Дұрысы, казак күресі Ережесі әр көрерменнің, әр баланың қолында болуы керек еді.

2017 жылдың наурыз айында ашылған «Қазак күресі халықаралық федерациясы» президенті Қанат Бозымбаев мырза жақында федерация тарапынан казак күресін дамыту Стратегиясын қабылдамақшы екендігін айтты, құптарлық жақсы хабар. Оған қосарымыз Стратегияда күрес ережесінің ұлттық болмысына үлкен көңіл бөлу қажеттілігін айтпақпыз. Жарыстарды шет елдерде көп өткізуден бұрын, алдымен өзімізде күрестің тартымды болуын, күрестің адам өміріне қажеттігін арттыратын



жолдарын іздестіру дұрыс бағыт болады деп санаймын.

Астана қаласында 26 тамыз күні Халыкаралық казак күресі қауымдастығы тарапынан өткізілген Азия чемпионатында балуандарды жалаңаяқ күрестіру орын алды, осы жағдай көрермендер арасында үлкен түсінеушілік тудырды, балуандардың кілемге жалаңаяқ шығу себебі түсіндірілмеді. Казак күресі ережесінде балуанның жалаңаяқ күресуі қабылданбаған және балуан кілемі оған негізделмеген. Тағы да дзюдо күресіне еліктеу орын алса, онда казак күресі үлкен кемшілікке жол бергені деп санау қажет.

Енді казак күресінде қандай жұмыстарды жедел жетілдіру орынды деген сұраққа келсек, оған:

- республикамызда казак күресі балуанының дәрежесін көтеру;
- жарыс өткізудің тиімді түрлерін енгізу, оған бұқаралық -көпшілік сипат беру;
- жарыс ережелерінің икемділігін арттыру. Ол нені мензейді, мысалы, мейрам-тойлардағы күресу ережесін уақытты көп алмайтындай, айла-тәсілді бағалауды жеңілдету арқылы қызықты тартымды етіп өткізудің ережесін қалыптастырып, ұйымдастыру, оған «Халық барысы» күресінде колданылған «Белдесу» ережесі тиімді болалы деп ойлаймын;
- федерация тараптарынан казак күресі туралы танымдық жұмыстарды көптеп атқару, жарыс ережесінің, ақпараттық және әдістемелік оқу құралдарының жеткілікті болуын қамтамасыз ету;
- ұлттық спорттан маман кадрларды көптеп дайындау, сапасын арттыру жатады деп білемін.

Сөзімнің басында елімізде казак күресінің дамуына халық алдында жауапты қазіргі мәдениет және спорт министрлігі, республикалық Казак күресі федерациясы, Халыкаралық казак күресі федерациясы, Дүниежүзілік казак күресі федерациялары болып табылады деген едім. Енді соңғы уақыттарда осы аталған федерациялар арасында бір-бірінің жұмыстарын танығысы келмеуге бағытталған пікірлер ақпарат құралдарында орын алды. Осы жағдайға байланысты айтайын дегенім, құрметті Серік Адамұлы және Арман Төлегенұлы, екеуінің атқарған және атқаратын жұмыстарын — казак халқының рухын көтеретін, күшін арттыратын балуандық өнері, бұл сендерің жеке бастарының таласы болатын объекті емес екендігін әрқашанда жандарыңмен сезіндер демекпін. Орындалған жұмыста жетістіктер мен кемшіліктер де болады, сонымен қатар істі асыра мақтау да болмағаны дұрыс. Серік бауырым өз сөзінде: — «Республикалық федерацияның тізгінін оның (*Арманның*) қолына ұстатқан мен болатынымыз» деген екенсін. Мен де өзіне кезінде республикалық федерацияны өткізіп берген едім. Кезегі келгенде Арман да біреуге тізгінді беретіні анық, одан еш нәрсе өзгерге қоймас. Тұрақты, мәңгілік ешнәрсе жоқ қой.

Арман Төлегенұлы сіз өз сөзіңізде: — «Тол күресімізді биікке тек қана осы салада жүрмең азаматтардың ауызбіршілігі мен тізе қосып бірлесе қимылдаған кезінде қана шығара аламыз» деп орынды, дұрыс айтқаныңыз, лайым солай болмай! Казактың бекзат балуандық өнерінде атқаратын жұмыстар көп екендігін білесіздер. Ел алдындағы жауапты жұмыстарыңды әрбір федерацияда жеке-жеке қайықтарға мінбей, бір кемеге отырып атқарғандарың жөн ғой.

Менің бұл тақырыпты қозғауыма өзімнің осы саланы зерттеуші ғалым ретіндегі қалыптасуым, казак күресімен күрескен спортшы, 1995-2000 жылдар арасында республикалық казак күресі федерациясының вице-президенті, қазіргі казак күресі киімінің авторы, казак күресінен оқу құралдарын шығарушы және қазіргі республикалық казак күресі федерациясының вице-әдістемелік комитетінің жетекшілігін атқаруым себепші болды.

Елемес ӘЛІМХАНОВ,
педагогика ғылымдарының докторы, Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры

Еліміздің барлық аймағын тұтас қамтып, ұлттық спорт жанашырларының жарғақ құлағын жастыққа тигізбеген «Ұлы дала рухы» фестивалі күні кеше өз мөресіне жетті. Соған орай шараны ұйымдастырушы мекеме – «Ұлттық және ат спорты орталығы» РМҚК директоры Нұрсұлтан Ибрагимовты әңгімеге тартқан болатынымыз.

Нұрсұлтан ИБРАГИМОВ:

«ҰЛЫ ДАЛА РУХЫ» ФЕСТИВАЛІ ЖАСТАРДЫҢ РУХЫН КӨТЕРДІ



— «Ұлы дала рухы» фестивалін өткізуде қандай мақсат көздеді және оның іске асу деңгейі қай шамада болды?

— Еліміздің мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен ұлттық спорт түрлерін сақтау, насихаттау және оны ары қарай дамытуды шараның негізгі мақсаты деп айту керек. Соның бірінші жағдайы — жастар мен жасөспірімдер арасында резерв дайындау. Екіншіден, фестиваль барысында солтүстік аймақтардағы көкпар спортын дамыту да көзделді. Нәтижесі жаман емес. Өздеріңізге мәлім, бұрын көкпар бөсекесі болса, Жамбыл облысы мен Оңтүстік Түркістан облысы бірден финалға шығатын. Бұл жолы іріктеу жарыстары төрт аймақ бойынша өткізіліп, әр аймақтың арасынан жеңімпаз командалар шықты. «Ұлы дала рухында» батыс аймақтан Маңғыстау, шығыс аймақтан Алматы облысы, Солтүстік аймақ бойынша Ақмола облысы және оңтүстік аймақ бойынша Жамбыл облысы алға шығып, финалдық бөсекеде осы командалар жүлделі орындарды өзара бөлісті. Аударыспак спорты бойынша Ақмола облысы командалар арасында тұңғыш рет бірінші орын алды. Айтайын дегенім, аймақтық бөсеке жастарға ерекше стимул берді. Біздің көздегеніміз де сол болатын. Сондай-ақ фестивалде төрт орынға дейін жүлде берілді. Бөйге жарысында жүлде саны бесеуеге жеткізілді.

— **Жүлде демекші, фестивальдің жүлде қорын кімдер тағайындады?**
— Фестивальді өткізуге мәдениет және спорт



министрлігі тікелей бастамашы болды. Министрліктің ұйымдастыруымен «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры жүлде қорын қамтамасыз етті. Төрт орынға дейін алған жеңімпаздардың барлығы да тиісті қаражатпен марапатталды.
— **Жүлделер командаға берілді ме, әлде жеке адамдарға ма?**
— Екеуі де. Бөйге бойынша жүлделер жеңімпаздарға жеке-ай табысталды. Аламан бөйгенің бас жүлдесі 4,5 миллион, топ бөйгенікі 3,5 миллион. Ал ұлттық спорттың басқа түрлері бойынша жеңімпаз командалар марапатталды.

— **Ұлттық спорт түрлері бойынша соңғы жылдары қандай жетістіктер бар?**

— Ұлттық спорт түрлері жақсы қарқынмен дамып жатыр деп сеніммен айтуға болады. Қазір еліміздің барлық аймақтарында арнайы спорт

мектептері, клубтар жұмыс істейді. Мәдениет және спорт министрлігінің жанынан құрылған біздің орталықтың негізгі мақсаты да ұлттық спортты дамыту боп табылады. Құрылғанына екі жыл толды. Бұрын мұндай орталық болған емес. Жалпы билік тарапынан ұлттық спортты дамытуға деген ерекше көзқарас бар. Сондай-ақ түрлі бағыттарда жұмыстар атқарылып жатыр. Ол өз нәтижесін беріп те үлгерді. 2013 жылдан бастап көкпар, бөйге, жамбы ату, аударыспак, тенге ілу сынды ұлттық спорттымыздың түгелге жуығының ережесі бекітілді. Содан бері жүйелі түрде жарыстар өткізіліп келеді. Аймақтық жарыстарға да, республикалық жарыстарға да командалар ұлттық спорттың кез келген түрі бойынша толық құрамда қатысады. Ұлттық спорт бойынша жасөспірімдер, жастар мен ересектер арасында Қазақстан чемпионатының тұрақты түрде өтуі де үлкен олжа. Осы биылғы жаздың өзінде бес халықаралық, бес республикалық жарыс өтті. «Ұлы дала рухы» фестивалі бойынша бас-аяғы он төрт жарыс ұйымдастырылды. Ашылу салтанаты мен бүгінгі қорытынды жарысты қоса есептегенде, бір ғана фестиваль бойынша он алты шараға күә болдық.

— **Фестиваль барысында қай облыстар белсенділік танытты?**

— Көп облыста белсенділік байқалады. Әлетте, ұлттық спорт жағынан оңтүстік аймақ белсенді екені бесенеден белгілі ғой. Бұл жолы белсенді облыстардың саны артты. Әсіресе, Маңғыстау, Ақтөбе, Ақмола, Павлодар, Түркістан

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Бұқаралық спорт – ұрпақ саулығының кепілі, ұлт денсаулығын сақтау жолындағы амалдарының бірі. Мемлекет салауатты өмір салтын ұстауға жол көрсетіп қана қоймай, тиісті бағдарлама арқылы спорт саласының дамуына жаңа серпін беруде. Қазіргі таңда спортшының бабы, оны дайындайтын спорт мектебінің тәліміне тікелей байланысты. Осы орайда Алматы қаласындағы жас спортшылардың бабын шыңдайтын «Республикалық спорт колледжінің» директоры Аamalбек Тшанов мырзамен қазіргі спортшыларды дайындау мен оларды оқудың әдістемелері туралы әңгіме өрбіткен болатынбыз.

Jas qazaq: Аamalбек Қозыбақұлы, әңгімемізді өзіңіз басқарып отырған оқу ордасының тыныс-тіршілігінен бастасак?
А.Тшанов: Бұл республикалық спорт колледжінің жалпы оқу орны болып қалыптасқанына биыл 47 жыл толды. КСРО кезінде алғаш рет мектеп болып ашылған. Ал 1998 жылы бірқатар оқу орындары Астанаға көшкен болатын. Сол кезде елордаға мектеп көшті де, Алматыда спорт колледжінде 248 студент қалды. Өзінің инфрақұрылымдарына орай оқу ордасының ғимараты 600 балаға лайықталған. Спорт колледжіне еліміздің түкпір-түкпірінен оқушылар келетінін ескеріп, осыдан 7 жыл бұрын үкіметке хат жазып, колледж ішінен қайта мектеп ашуға өтініш білдірген болатынбыз. Өтінішіміз үкімет тарапынан қолдау тауып, биыл бесінші жыл мектеп оқушыларын қабылдай бастадық. Біздің колледжде спорттың 17 түрінен тәлімгерлер дайындалады. Оның ішінде он бесі спорттың жазғы түрі болса, қалған екеуі қысқы спорт түрінен. Қысқы ойындарды алған себебіміз, елімізде айтулы шаралардың бірі Қысқы Азия ойындары өткізілді. Соның аясында «Сұңқар» трамплин салынды. Трамплин бізге өте жақын орналасқан, оқушыларымыз жаяу қатынай алады. Сондықтан қысқы спорт

өзіп шыққан талапкер мектепке қабылданады. Одан кейін өздерінің таңдаған спорты бойынша білім алады. Мектепке – 80, колледжге 80 бала, барлығы 160 бала жыл сайын тәлім алады. Мектепті аяқтағаннан кейін тәлімгерлер өз қалауымен колледжде білімін жалғастырады. Ал кейбірі басқа мамандық тандап, кетіп жатады.



Аamalбек ТШАНОВ:

СПОРТШЫНЫҢ КҮШІ БІЛЕКТЕ ЕМЕС, БІЛІМДЕ

✓ **«Спорт және дене шынықтыру саласындағы Қазақстанның мемлекеттік саясатының өзіне тән ерекшелігі дәстүрлі түрде бұқаралық спорт пен жоғары жетістіктер спортын дамытудың теңгерімді тәсілдерін іске асыру болып табылады. Бұқаралық спорт саласында ел халқының дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде шұғылдануын қамтуды ұлғайту басым бағыт болып отыр»**

(Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасынан)

Jas qazaq: Спортпен айналысатын балаларға жаттығу залдарының маңызы зор. Оқу ордасындағы жаттығу залдары заман талабына сай ма?
А.Тшанов: Мен алғаш басшылыққа келген жылдары бұл колледжде 21 спорттың түрі бар екен. Қолданыстағы материалдық базаға қарай, осы спорт түрлерінің санын 15- ке азайттық. Қазіргі таңда спорттың 17 түріне бізде материалдық база толық қамтылған. Сонымен қатар су спорты мен жеңіл атлетиканы дамытуға да барлық жағдай қарастырылған. Атап өтсем, жеңіл атлетикамен айналысам деушілерге жана манеж еуропалық стандартқа сай күрделі жөндеуден

өтті. Бір қуанышты жағдай, колледжде білім алып жатқан 7 оқушымыз Аргентинаға жасөспірімдер арасында өтетін әлемдік олимпиадаға жолдама алды. Қазіргі таңда осы додаға дайындық жаттығулары жүргізілуде. Бұл да біз үшін үлкен мәртебе.

Jas qazaq: Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасының жүзеге асырылу барысы туралы айтсаңыз?
А.Тшанов: Елбасының тапсырмасымен спортты дамытуға арналған бағдарлама

аясында мәдениет және спорт министрлігінің тікелей басшылығымен көптеген іс-шараларға қолдау көрсетілуде. Жарыс туралы айтатын болсам, әр спорт түрінен өтетін спорттық жарыстардың министрлік бекіткен 1 жылдық республикалық және 70 халықаралық жарыстарға қатысты. 2017 жылды 162 спортшының ең үздік спорттық көрсеткіштеріне шаққанда жалпы 197,5 пайызбен аяқтадық. 2016 жылы бұл көрсеткіш 121,1 пайызды, ал 2015 жылы 111 пайызды құраған. 2018 жылы жас аралықтары бойынша ұлттық құрама команданың құрамына кірген спортшыларымыздың саны-194 ке жетті. Мұның барлығы тәжірибелі жаттықтырушылардың орасан еңбегі деп айта аламын. Біздің колледждегі ең басты қағиданың бірі – спортшының физикалық тұрғыдан бөлек, рухани жағынан да білімді болуын қалағалаймыз. Республикалық спорт колледжі спорт резервтерін дайындау және білім беруде, спортшылардың негізгі оқу орындарының бірі болып табылады. Оқу ордасынан Ш.Серіков, Д.Тұрлыханов, О.Турчак, В.Люкин, Б.Байсейітов, М.Мамыров, И.Байрамуков, В.Новиков, О.Шиигинова, Е.Ибраимов сынды көптеген әлем чемпиондары

аясында мәдениет және спорт министрлігінің тікелей басшылығымен көптеген іс-шараларға қолдау көрсетілуде. Жарыс туралы айтатын болсам, әр спорт түрінен өтетін спорттық жарыстардың министрлік бекіткен 1 жылдық республикалық және 70 халықаралық жарыстарға қатысты. 2017 жылды 162 спортшының ең үздік спорттық көрсеткіштеріне шаққанда жалпы 197,5 пайызбен аяқтадық. 2016 жылы бұл көрсеткіш 121,1 пайызды, ал 2015 жылы 111 пайызды құраған. 2018 жылы жас аралықтары бойынша ұлттық құрама команданың құрамына кірген спортшыларымыздың саны-194 ке жетті. Мұның барлығы тәжірибелі жаттықтырушылардың орасан еңбегі деп айта аламын. Біздің колледждегі ең басты қағиданың бірі – спортшының физикалық тұрғыдан бөлек, рухани жағынан да білімді болуын қалағалаймыз. Республикалық спорт колледжі спорт резервтерін дайындау және білім беруде, спортшылардың негізгі оқу орындарының бірі болып табылады. Оқу ордасынан Ш.Серіков, Д.Тұрлыханов, О.Турчак, В.Люкин, Б.Байсейітов, М.Мамыров, И.Байрамуков, В.Новиков, О.Шиигинова, Е.Ибраимов сынды көптеген әлем чемпиондары



Колледжге оқушылар конкурс арқылы қабылданады. Алдымен тәлімгерлердің білімі тексеріледі. Одан кейін спорт нормативтерінен сынақ тапсырады. Осы тапсырмаларда алға

Елімізде «Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасында» бұқаралық спортқа жіті мән берілген. Халықтың әл-ауқатының артуы денінің саулығына тікелей байланысты. Қазіргі уақытта дене шынықтырумен айналысатындардың саны едәуір артқанын байқаймыз.

Бұқаралық спорт саласында ел халқының дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде шұғылдануын қамтуды ұлғайту басым бағыт болып отыр. Халықтың дене шынықтыру және спортпен шұғылдануына мемлекет жағдай жасауы керек. Ол жасалып та жатыр. Мәселен, Алматы қаласында бірнеше заманауи спорт нысаны бар. Атап айтқанда, Almaty Arena, Halyk Arena және «Сұңқар» халықаралық шаңғы трамплиндері кешені халыққа қалтқысыз қызмет етіп жатыр. Оның бәрін басқарып тұрған 2017 жылы Алматыда өткен қысқы Универсиада ұйымдастырушыларының бірі – «Алматы қаласы Спорт нысандары дирекциясы» ЖШС. Мұндай ұйымдар туралы тұжырымдамада «Бұқара халықтың спорт саласындағы қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған спорт құрылыстарын салу және сатып алу шығыстарын жабуға жеңілдікті кредиттер

муниципалитеттерге де, сондай-ақ спорт ұйымдарына да беріледі» деп көрсетілген. Аталмыш нысандарда апта сайын ірілі-ұсақты жарыстар өтіп тұрады. Салыстырмалы түрде айта кетер болсақ, Олимпиада ойындары өткен Рио-де-Жанейро, Афина қалаларындағы

спорт кешендері мүлде жарамсыз болып қалған. Онда жарыстар өтпек түгілі, адам танығысыз күйге түскен. «Ұйымдастыра білген ұтады» деген тәмсіл еске түседі осындайда. Біздің елде бәрі басқаша. Мұның бәрі мемлекеттің спортқа деген оң көзқарасының арқасы деуге әбден болады.

Мәселен, Almaty Arena спорт кешенінде бокс, грек-рим, еркін күрес және әйелдер

әрі қарай дамытатын бағдарламалар жасалды. Спорт өнерінің басты нысанасы – халық. Бұқаралық спортты мемлекеттік дәрежеде дамыту мақсаты Қазақстан халқының денсаулығын ойлаудан, ел ішінде саламатты өмір салтын орнықтырудан туып отырғаны айқын. Елбасының біз сөз

еткен жарлықтарының түп негізінде де осындай мемлекеттік қамқорлықтар жатыр. Бұған дәлел – Жолдауда көрсетілген басым бағыттың бірі – бұқаралық спортпен шұғылданатын халықтың санын 30 пайызға жеткізу. Алдағы уақытта спорт саласын дамытуға арналған бағдарламалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып, нәтижесін беретін болады. Реті келген соң айта кетейін, әлемнің алдыңғы қатарлы АҚШ, Англия, Австралия және Финляндия сияқты елдерінде халықтың бұқаралық спортпен айналысуы 70 пайызға дейін жетеді.

Jas qazaq: Аталған колледжден елімізге елеулі спортшылардың тәлім алғанын білеміз. Ал қазіргі тәлімгерлердің спорттағы жетістіктері қандай?
А.Тшанов: Өткен оқу жылын Республикалық спорт



колледжі табысты аяқтап, жоғары жетістіктерге қол жеткізді. Әлбетте спортшының күші білекте емес, білімде. Өйткені білімді ұрпақ келешекте көзі ашық, көкірегі ояу азамат. Колледждің жаттықтырушылар корпусы колледж және мектеп оқушыларын қосқанда 1-әлем жеңімпазын, 5-әлем чемпионатының жүлдегерін, 5-Азия чемпионы мен 15 Азия чемпионаттарының күміс және қола жүлдегерін дайындады. Сонымен қатар 152-республика чемпиондары мен 255 еліміздің күміс және қола жүлдегерлерін даярлап шығарды. Былтырғы оқу жылының қорытындысы бойынша біздің оқушылар мен студенттер 82 республикалық және 70 халықаралық жарыстарға қатысты. 2017 жылды 162 спортшының ең үздік спорттық көрсеткіштеріне шаққанда жалпы 197,5 пайызбен аяқтадық. 2016 жылы бұл көрсеткіш 121,1 пайызды, ал 2015 жылы 111 пайызды құраған. 2018 жылы жас аралықтары бойынша ұлттық құрама команданың құрамына кірген спортшыларымыздың саны-194 ке жетті. Мұның барлығы тәжірибелі жаттықтырушылардың орасан еңбегі деп айта аламын. Біздің колледждегі ең басты қағиданың бірі – спортшының физикалық тұрғыдан бөлек, рухани жағынан да білімді болуын қалағалаймыз. Республикалық спорт колледжі спорт резервтерін дайындау және білім беруде, спортшылардың негізгі оқу орындарының бірі болып табылады. Оқу ордасынан Ш.Серіков, Д.Тұрлыханов, О.Турчак, В.Люкин, Б.Байсейітов, М.Мамыров, И.Байрамуков, В.Новиков, О.Шиигинова, Е.Ибраимов сынды көптеген әлем чемпиондары

www.jasqazaq.kz

E-mail:

jas_qazaq@mail.ru

11

мен олимпиада жеңімпаздары түлеп ұшқанын мақтанышпен айта аламыз. Алдағы уақытта да колледж түлектері спорт саласындағы ең жоғары жетістіктерден көріне береді деген үміттеміз!

Jas qazaq: Аamalбек мырза, спорт саласын дамытуға тағы қандай мәселелерді шешуіміз керек деп ойлайсыз?

А.Тшанов: Жастайымнан спортпен айналыстым, осы саланың қыр-сырына қанықпын. Бізде білім алуға көбінесе ауыл балалары келеді. Сондықтан ең бастысы, үкімет деңгейінде арнайы бағдарламалар қабылдап, аймақтардағы аудан орталықтарында дене шынықтыру-сауықтыру орталықтарын салу керек.

Ауылдан бөлек ірі қалаларда, әсіресе халық көп шоғырланған мөлтек аудандарда спорт кешендерін салуымыз керек. Өйткені 1-2 ірі спорт кешенін салып қана, халықтың жаппай спортпен шұғылдануын дамыта алмаймыз. Ал әрбір ауданда спорт кешенін салып, мүмкіндігінше жеңіл әрі тез ұйымдастырылатын спорт түрлерін қолға алсақ, халыққа қолжетімді болар еді. Сондай-ақ кадр дайындау, оларды жұмысқа орналастыру жағын реттеу керек.

Өздеріңіз білесіздер, бұрын кеңес үкіметі кезінде дипломын қолына алған маманға әлеуметтік жағдайы жасалып, алыс ауылдарға жұмыс істеуге жолдама берілетін. Мысалы, біздің оқу орнын жыл сайын 80 студент аяқтайды. Ал олар қолдарына диплом алғаннан кейін, қандай жұмысқа орналасты, қай салада жүр ол жағын қалағалауға құқымыз жоқ. Сондықтан ауылдық жерлерге жас мамандарды тұрақтандыру мәселесін бір жақты ететін кез келді. Тәуелсіздік алғалы бері спорт саласындағы жетістіктеріміз өте жақсы. Әлемдік спорттық жарыстар арқылы елімізді бүкіл дүние жүзіне таныттық. Бұл дегеніміз – өз кезегінде спортқа жіті көңіл бөлініп, оны әрі қарай дамыту жолында игі істер атқарылып жатқандығын көрсеткіші. Талантты спортшыларды анықтау үшін, талантты бапкерлер керек. Ал талантты бапкерлер қайдан шығады? Ол еңбекқақыға байланысты. Сондықтан спортшыларды дайындайтын мамандардың әлеуметтік жағдайы да ескерілуі тиіс. Аталған мәселеге жіті назар аударып, балаларды жастайынан спортқа тартуымыз қажет. Бұқаралық спортты дамыту – өмір талабы әрі Елбасының тапсырмасы. Сондықтан біз аталған бағыттағы жұмысымызды жалғастыра беруіміз керек. Ол дегеніміз, мықты спорт мамандарын дайындап, талантты спортшылардың мүмкіндіктерін ашу. Жас спортшылардың қабілетін арттыруға бар мүмкіндікті жасау.

Сұхбаттасқан
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

қарай күніне 20-120, айына 400-ден 4000-ға дейін адам келеді. Дүйсенбі мен сенбі аралығында сағат 08.00-ден 22.00-ге дейін келушілерге есік ашық.

Халық игілігі мен мүддесіне қызмет ететін нысандардың тағы бірі – Halyk Arena кешені.

БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН



Мұнда халықаралық және отандық кәсіби спорт шаралары өткізіледі. Сондай-ақ бұқаралық спортқа да мән берілген. «Бекзат» бокс клубы, грек-рим, еркін және әйелдер күресі секциясы, мәнерлеп сырғанау студиясы сияқты үйірмелерге күніне 7-160, аптасына 36-960, ал жылына 144-3840 адам қатыса алады.

«Қазақстанда дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасында» айтылғандай, Алматыдағы спорт нысандары әр түрлі жастағы спортшылардың қажетін орындап, бұқаралық спортты дамытуға көп көмегін тигізуде.

Мадияр АРЫСТАНБАЕВ

